

Аймақ туристік орталыққа айнала ма?
2-бет



Тракторшының махаббаты
3-бет



Қоңыр үн
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 18 ҚАРАША, 2023 ЖЫЛ №129 (23 305)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті ауыл еңбеккерлері мен қайта өңдеу өнеркәсібінің қызметкерлері, ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері!

Сіздерді ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ауыл шаруашылығы – біздің өңірдің маңызды құрамдас бөлігі. Биыл сіздердің күш-жігерлеріңіздің арқасында табиғи жағдайларға қарамастан, жылдағыдай мол өнім жиналды.

Бұл маусымда айтарлықтай қиындықтар туындағанымен, табандылық пен кәсібиліктің арқасында сіздер картоп пен көкөністерден мол өнімін жинадыңыздар. Жалпы алғанда соңғы бес жылда облыстың ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі де айтарлықтай артты. Ет, сүт және т.б. өндіру бойынша ірі өндірістер табысты жұмыс істеді, сондай-ақ, өндірісті жаңғырту жалғасуда. Бүгінгі таңда облыстың қайта өңдеу кәсіпорындары халықаралық деңгейге шығуда.

Мемлекет ауылдық аймақтарға зор көңіл аударып отыр, осы жылдан бастап «Ауыл Аманаты» жобасы қолға алынды.

Құрметті достар!

Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында аймағымыздың тұрғындары сапалы және қауіпсіз өніммен қамтамасыз етілуде. Біз сіздерді Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен құттықтай отырып, өңірміздің өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін зор ризашылығымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық пен бақ-береке, істеріңізге табыс тілейміз!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ЕРТЕҢ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАМАҚ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Еселі еңбек еленген күн

Қарағанды облысының аграрлық әлеуеті зор. Бұл сөзімізге аймағымыздың ауыз толтырып айтатын көрсеткіштері негіз бола алады. Әрине, онда қаншама сала өкілдерінің, фермерлердің еселі еңбегі тұр. Кеше ауыл шаруашылығы саласындағы біршама азамат марапатқа бөленді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты рәсім алдында әуелі облысымыздың агроөнеркәсіптік кешеніндегі көпшілік көрсеткіштер жөнінде бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев ауыл шаруашылық саласындағы жандарды кәсіби мерекемен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.

– Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын. Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес елімізде агроөнеркәсіптік кешеніне ерекше көңіл бөлініп, қолдау көрсетіліп келеді. Соның нәтижесінде ауыл инфрақұрылымы жақсаруда. Жылдан-жылға ауыл шаруашылығы өндірісінің өнім көлемі артауда. Биылғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан, облыс диқандары жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Мал басы мен құс

саны артып, ондағы өнім көлемі де ұлғаюда. Соңғы бес жылда аталған салада өркендеу бар. Осының бәрі сіздердің адал еңбектеріңіздің нәтижесі деп білеміз, – деді облыс басшысы құттықтау сөзінде.

Қарқаралы ауданының «Нұр» шаруа қожалығының басшысы Амантай Құлмағанбетов пен Нұрадағы «Отқанжар» ЖШС негізін қалаған Қанат Отарбаев «Еңбек ардагері» медалін тағынды.

«Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен Қарқаралы ауданы «Атамұратыбы» ЖШС директоры Серікбол Қайыркәңулы мен Абай ауданы «Астра Агро» ЖШС директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бүркіт Мұқашев, Нұра ауданы «Е.К.Канафин» фермерлік қожалығының агрономы Жұмажан Қанапияұлы марапатталды.

«Елеулі еңбегі үшін» медалімен Нұра ауданының «Құлан-Өтпес» ЖШС директоры Сайран Батырбекұлы, Қарқаралы ауданы Темірші ауылдық округінің «Қалқаман»

шаруа қожалығы басшысы Тәуіржан Қалқаманұлы наградталды.

III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін Осакаров ауданы Сұңқар ауылының ветдәрігері Евгений Иващенко омырауына тақты.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасы Бұқар жырау ауданының «Агро-Фермер» ЖШС директоры Қадыржан Амантайұлына, Ақтоғай ауданының «Азамат-Қарасу» шаруа қожалығының басшысы Азамат Жұмағұловқа, Шет ауданының «Жомарт» шаруа қожалығының басшысы Дулат Бақытұлына табысталды.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен «Eurasian Foods» кәсіпорнының бөлім басшысы Антонина Авилова, Абай ауданы «Құрма агро фирмасы» ЖШС сою және ұнтақ цехының бастығы Екатерина Волощук, Абай ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Жанар Сұрауанова марапатталды.

«Қарағанды облысының ауыл шару-

ашылығын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін» Қарқаралыдағы «Қарыңши» шаруа қожалығының мүшесі Қайырбек Қыдыраллин марапатталды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша үздік кәсіпорын – Абай ауданының «Коянды 2017» ЖШС. Үздік коопера-

тив – Ақтоғай ауданының Сарытерек SAQ NS ауылдық тұтыну кооперативі. Үздік құс шаруашылығы – Бұқар жырау ауданындағы «UschtobeGus» ЖШС.

Сонымен қатар, «Үздік көкөніс өсіруші» – Абай ауданының агрономы Роман Гервух, «Картоп жинаудан үздік комбайнер» – абайлық механизатор Сергей Ефимов, «Дәнді-дақылдар жинаудан үздік комбайнер» – Осакаров ауданы «Найдоровское» ЖШС механизаторы Владимир Чаус, «Үздік мал өсіруші» – қарқаралылық шаруа иесі Ардақ Төкенұлы, «Үздік жылқышы» – Нұраталды ауылының жылқышысы Сапар Советұлы, «Үздік шопан» – Бұқар жырау ауданы «Темірлан» шаруашылығының басшысы Мейірамбек Айдошев атанды.

Марапаттау рәсімі концерттік шараға ұласып, нағыз еңбеккерлердің мейманасы тасыды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысын) балама жазылу жүргізіледі.

Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!



«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

АГРОКЕШЕН

Жомарт жердің бабын тапқан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар екендігіне де тоқталды. «Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге қошүміміз қажет. Онысыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек» деді. Осы бағытта біздің облыста жұмыс істеп жатқан компаниялар да бар. Соның бірі – «Астра-Агро ЛТД» ЖШС.



➤ 5-бет

СҮЙІНШІ!

20 миллионға жеттік!

2023 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының халық саны 20 миллион адамға жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандастарымызды құттықтап, Twitter парақшасында жазба қалдырды. Сонымен қатар, 20 миллионыншы тұрғын атанған бес баланың әрқайсысына сыйлық ретінде «Отбасы банкі» 2 млн. теңге көлеміндегі сертификат табыстады.

Аида ПАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 2023 жылғы 14 қарашада таңғы сағат 8:10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Қазақстанның мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді. Олардың үшеуі – ұл, екеуі – қыз.

– Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақсолдай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді, – деп жазды Мемлекет басшысы.

«Отбасы банкі» берген 2 млн. теңгелік сертификатты отбасы мүшелері басына алуға жұмсай алады. Оны қолдану үшін балалардың ата-аналары тұрып жатқан қаладағы банк филиалына барып, жеке куәлігін, баланың туу туралы куәлігін көрсетуі қажет. Одан бөлек, видеобанкинг арқылы да хабарласуға болады. Ол үшін ата-аналарға 3 ай уақыт берілген.

• МИНБЕР

Ауыл берекесі – ынтымақ пен бірлікте

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өндруге көшуіміз қажет» деген болатын. «Ауыл» партиясының берік ұстанымы Президенттің дәл осы талап-тапсырмасымен терең үндесін жатыр.

Билығы жылы «Ауыл» партиясының Қарағанды облысының өңірлік филиалы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Бүгінгі таңда «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының Қарағанды облысы бойынша 19209 партия мүшесі тіркелген. Облыстың барлық қалалары мен аудандарында бастауыш партия ұйымдары қызмет атқаруда. Партияның жаңа мүшелерін тарту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Нұра, Бұқар жырау, Шет, Қарқаралы аудандарының шаруа қожалықтарының, Қарағанды, Теміртау қалаларының үн өңдеу кәсіпорындарының ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылды. 2023 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында партияға 300-ден астам жаңа мүше қабылданды.

Бүгінде облыстың ауылды мекендерінде 225 мың адам тұрады. Олар 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 14 түрін өндіріп, миллионнан астам қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етіп келеді. Келтірілген дәйекке мән бермеуге әсте болмас.

Ал, партия жұмысының облыста белсенді атқарылуына көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан партия белсенділерін атап өтпеу мүмкін емес. Олардың қатарында Т.Мәжитов, В.Галунов, А.Тұрмұхамбетов, М.Баймағанбетов, А.Әбішев, А.Әмірова, Н.Шахарбаев, А.Әбдіқаримов, Е.Торыбаев, А.Байлен, Б.Майпасова, К.Жақыпбеков, С.Шәймағанбетов, В.Шестернин, К.Әлиақпарова, В.Шипилов және тағы басқалары бар.

Наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің, облыстық, қалалар мен аудандар мәслихаттарының депутаттарын сайлауға партия мү-

Елді мекендер айналасындағы жүктеме жүгі ауыр болғандықтан, жайылымдар деградацияға ұшырайды.

Бұл ретте, шалғайда орналасқан елді мекендердегі жайылымдар тиімді пайдаланылмайды.

Негізінен суарудың және жануарларды ұстау үшін қажетті инфрақұрылымның болмауына тікелей байланысты.

шелері белсенді қатысып, облыс бойынша «Ауыл» партиясынан облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттарға 13 депутат сайланды.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес, халықпен кездесулердің қорытындысы бойынша және сайлаушылардың тиісті сауалдарының негізінде мәслихаттарға «Ауыл» партиясынан сайланған депутаттар арқылы облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың жұмыс жоспарларына бірқатар мәселелер қосылды. Атап айтқанда, ауыл кооперативтерін дамыту және ауыл шаруашылығы өндірісіне заманауи технологияларды енгізу мәселелер, жүн мен теріні қайта өңдеу, облыс халқын жоғары сапалы, табиғи ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету және азық-түлік бағасын тұрақтандыру, жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту, ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, ауылдарда фельдшерлік пункттерді салу немесе жеке тұрған ғимаратпен қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базасын нығайту, ауыл тұрғындарын дәрі-дәрмектермен уақытылы қамтамасыз ету үшін автодәріханаларды енгізу, ауыл жастары үшін білім беру гранты мен жұмыс орнын ұсынуға кепілдік беретін «Ауылдан – диплом алу үшін» бағдарламасын әзірлеу, ауыл тұрғындарының жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізуі және ауыл оқушыларының қашықтықтан оқыту жағдайы. Одан бөлек, бұқаралық спорт түрлерін және ауыл тұрғындарының мәдени бос уақытын дамыту үшін спорт ғимараттары мен мәдениет нысандарын тиімді пайдалану, ауыл жастары үшін бизнесті дамыту мен қолдауға облыс әкімінің гранттарын бөлу, ауылдық кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жақытқау,



мәдениет үйлерін жөндеу, ауылдық жолдардың жай-күйі және оларды күрделі қайта құру, «Бір белдеу, бір жол» мемлекетаралық бағдарламасы бойынша Қытай инвестициясын тарту арқылы Қарағанды-Қарқаралы-Қайнар-Аягөз-Қытай төрт жолақты автобан салу сынды мәселелер сап басында.

10-13 шілде аралығында Парламенті Мәжілісінің «Ауыл» партиясынан сайланған депутаты Т.Серіковтің Қарағанды облысына жұмыс сапары ұйымдастырылды. Ол Қарқаралы, Бұқар жырау, Шет аудандарының фермерлік шаруашылықтарында болып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Мәжіліс депутаты Т.Серіковтің алдында жер ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесі көтерілді. Аудандар бөлінісінде ауыл шаруашылығы жануарларының, шаруа қожалықтарының, жеке қосалқы шаруашылықтардың санына сәйкес отырып, жайылымдық жерлерге деген қажеттілікке жүргізілген талдау жайылымдардың жоғары тапшылығын көрсетеді. Облыс аумағында жайылымдық жерлер бірқалып пайдаланылмайды. Елді мекендер айналасындағы жүктеме жүгі ауыр болғандықтан, жайылымдар деградацияға ұшырайды. Бұл ретте, шалғайда орналасқан елді мекендердегі жайылымдар тиімді пайдаланылмайды. Негізінен суарудың және жануарларды ұстау үшін қажетті инфрақұрылымның болмауына тікелей байланысты.

Осыған орай, фермерлер мен ауылдық округтердің әкімдері шалғайдағы жайылымдарды жайластыру (ұңғымалар бұрғылау, суару жабдықтарын орнату) және жеке қосалқы шаруашылықтарда үй жануарлары санының нормаларын бекіту мәселелерін көтерді.

Облысқа жер ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі ойластырылған, ержей-тегжейлі кешенді іс-шаралар жоспары тым қажет.

Заңнамада елді мекендер шекараларының маңында конкурста шығарылатын жер учаскелерін тізбеден алып тастау жөніндегі норманы, банкте кепілге қойылған жер учаскелерін мемлекет меншігіне алу тетігін көздеу керек.

Деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру, шабындық және жайылымдық жерлерді түбігегейлі жақсарту бойынша шаралар кешенін әзірлеу мәселелеріне ерекше назар аударған жөн, ол

үшін жер учаскелеріне үнемі топырақтық талдау жүргізу, оларды суару қажеттілігін, минералды және органикалық тыңайтқыштарға деген қажеттілікті анықтау қажет, көпжылдық шөптер тұқымдарының өндірісін субсидиялау мәселесі шешуді талап етеді.

Бүгінде облыстың ауылды мекендерінде 225 мың адам тұрады. Олар 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 14 түрін өндіріп, миллионнан астам қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етіп келеді. Келтірілген дәйекке мән бермеуге әсте болмас.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру үшін субсидияларды дәйекті түрде ұлғайту және пайыздық мөлшерлемені төмендету мен негізгі борышты қайтару мерзімін ұлғайту бөлігінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін техниканы лизингтік кредиттеу шарттарын қайта қарау маңызды.

Жоғарыда аталған ұсыныстардың барлығын орталық уәкілетті органдарға тапсыру үшін Мәжіліс депутаты Т.Серіковке сауал жолданды.

Билығы жылдың 25 шілдесінде «Ауыл» партиясынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Бакқожаев пен «Ауыл» партиясының Қарағанды облысы бойынша активінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Шет, Осакаров, Нұра аудандарынан келген фермерлер өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, мал басына субсидия бөлу мәселесі шешілмеген.

Облыста 94 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды, оның 48-і – ет және 46-сы – сүт бағытында жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің ең күрделі салаларының бірі тері мен жүнді қайта өңдеу.

Өңірдегі ауыл тұрғындарының алаңдайтыны – Ұлттық экономика министрлігі Қарағанды облысының келешегі жоқ ауылдарының тізбесін қандай негізде ұсынағаны, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік қаржыландыруға енгізілмеген 196 ауыл қандай критерийлер бойынша келешегі жоқ деп ай-

қындалғаны болып тұр. Жоғарыда көтерілген бір қатар мәселелер туралы Мәжіліс депутаты А.Бакқожаев қатысушыларға тиісті өкілетті органдарға жеткізетініне сендірді.

Партия төрағасының бірінші орынбасары Т.Рахымбеков пен облыс әкімінің орынбасары Б.Асановтың төрағалығымен 2023 жылғы 28 тамызда ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті.

Шараға «Ауыл» партиясының орталық аппараты мен Қарағанды облыстық филиалының басшылары, облыс әкімінің, жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен мамандары, облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттары, суармалы егіншілік саласындағы мамандар мен ғалымдар, облыстағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің басшылары қатысты.

Жыны барысында Қазақстанның су шаруашылығы проблемаларын шешу бойынша «Ауыл» партиясының Парламентке, Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға ұсыныстар дайындау үшін облыстағы ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету жағдайын зерттеу; құдықтар салуға, ұңғымалар бұрғылау мен жайластыруға мемлекеттік субсидиялар алудағы қиындықтарды анықтау; ауыл шаруашылығы өндірісіндегі су тапшылығына қатысты проблемаларды анықтау және суды үнемдейтін суару технологияларына көшу; отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді баға бойынша қолжетімді электр энергиясымен қамтамасыз ету; жер асты суларын елдің шаруашылық айналымына тарту; облыстағы 150-ден астам су қоймаларын, Ертіс-Қарағанды арнасын суармалы жерлер үшін тиімді пайдалану сынды мәселелер легі қаралды.

16 қазанда «Ауыл» партиясынан сайланған Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты Е.Саурықов, Т.Серіков пен облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарының депутаттары, елдің медицина университеттері мен колледждер басшылары мен оқытушыларының қатысуымен облыс әкімінің орынбасары Е.Алпысовтың төрағалығымен «Ауылдағы денсаулық сақтау саласында маман тапшылығы мәселелері» тақырыбында видеоконференция өтті. Шара мақсаты – ауылдық жерлерде медициналық мамандардың жетіспеушілігі мәселесін шешу, ауылдық елді мекендерде медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру мүмкіндіктерін қарастыру. Конференцияда ауылдағы медицина мамандарының тапшылығына, медициналық пункттердің болмауына, көрсетілетін қызметтердің сапасыздығына, ескірген инфрақұрылымға байланысты бірқатар өзекті мәселелер талқыланды. Конференцияға қатысушылар жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолдарын ұсынып, тиісті ұсынымдар қабылданды.

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының ауруханасында «Ауыл медицинасын жаңғырту» қайырымдылық акциясы өтті. Осы ауданның ауылдық ауруханалары мен фельдшерлік пункттеріне «Ауыл» партиясының атынан 26 медициналық құрал-жабдықтар табыс етілді.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы Қарағанды облыс бойынша филиалының атқарып жатқан шаралары – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аргоөндіріс саласын дамыту жөніндегі мақсат-міндеттерін жүзеге асырудағы жүйелі жұмыстар. Сөз түйінінде, ауыл шаруашылығын дамытып, ауылдық аймақтардың енцесін көтеру үшін ел бесігіндегі шаруа-диқандардың ынта-жігеріне серпіліс әкелетін тың жобалар қажет екенін баса айтқым келеді.

Ауыл шаруашылығы саласын өркендету арқылы өңірлерде еңбек дүбірін қыздырған сала майталмандарын кәсіби мерекемен құттықтай отырып, олардың қырдағы қызу еңбегіне көл-көсір табыс тілеймін!

Серғазы ӘДЕКЕНОВ, «Ауыл» партиясының Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиалының төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

«Бір ауыл – бір өнім»



Қарағандыда жасалған

Он саусағынан өнер тамып, темірден түйін түйген қыр баласы үшін осы тақылеттес әр жоба таптырмас тың мүмкіндік екендігі айдаң аян. Қалімгі қалде-сый, яки, ұлттық тағам жасаушы шебер жауһар деп санарлық затын бәске тігерлік іргелі іс бұл. Атап өтерлігі, шикізаттың 80 пайызға жуығы отандық болуы бұлжымас шарт. Бастысы, қос қолыңыздан шыққан әйдік бұйымтайыңыз былғайғы елдің тұтынып жүрген «керек-жарағынан» тұрқы бөлек болса керек-ті. Тегінде, бұл орайда Сіздің жеке кәсіпкер болуыңыз, тіптен, шарт емес. Қылаң берген жарағыңыз «самородный сары алтын» болса, әбден жеткілікті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Уай, пәлі, бұны енді қай елдің нарығына кім қалай өткізеді?» деген сауалыңызға облыстық кәсіпкерлер палатасы жауап іздейді. Бұл жылғы ауыл-ауылды аралаған палата өкілдері үздік жиырма бес шелек бердің қалделі нәрсесін шетелдік көрмеге ұсынып абырой арқалады. Оның оны іріктеліп назарға ілінген. Үздік үш жоба бренд деген нәм алып, ұтысты болды. Мысалы, Абай ауданы Дубовка елді мекеніндегі ешкі сүт өнімдерін шығаратын шаруашылық. Ендігіде бұл өнімді сертификаттау мен қаптамаға

нуга білек сыбана кірістім. Жобам қала әкімінің грантын иеленіп, мерейім өсті. Алақаным түскен ақшаға жабдық сатып аламын. Әзірге бір адамды жұмысқа орналастырдым, – дейді жас кәсіпкер Меруерт Сапарқызы.

Облыс біртін-біртін бизнес атты саланы өркендетуде. Өз ісін дөңгелетіп әкеткен 100 мыңға жуық кәсіпкер нәсібін табуда. Олар қос қолдап тірлік етумен қатар 240 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтыған. Олардың 70 пайызы – жеке кәсіпкер. Санға шағар болсаңыз, орта есеппен әр бизнесмен екі адамды өзіне серік еткен. Шағын және орта кәсіптің өрістеуіне біртінгі уақыттан бері жолға қойылған қолайлы ин-



оура палаталық әріптестерге тиесілі. Иә, зауыт конвейерінің тетігінен емес, қолдан жасалған Handmade сураныстың нақ төрінде қазір.

Меруерт Абзалбектің қант қосылмаған жент жасап, ұлттық брендке айналдырмақ ниеті бар.

Ұлттық тағамды елдің қалауына қарай икемдеу бір қалыпта оп-оңай шаруа емес. Оған ұзақ дайындық пен іркіліссіз ізденіс керек-ақ. Әуел баста бұл ой маған екі жыл бұрын келген-тін. Тағамның оңтайлы формуласын құрауға әжептәуір уақытымыз сарп еттім. Жалма-жан нутрициолог пен аллергиялог маманмен кеңес алдым. Көп көмегі тиді. Ештеп жүріп женттің глютенсіз тары, әрі қантсыз бидай деп ныспылаған екі түрін елге ұсы-

фрақұрылым да септігін мол тігізуде көрінеді.

– Рас. Бұл салада іліп аларлық ілкімді істер аз емес. Алдымен прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сынды құзырлы органдар өкілдерімен бірлескен кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы «Бизнеске жол», «Бизнестің жол картасы» секілді тыңғылықты бастамалар жемісін беруде. Түсін түстеп, атын атап өтерлік жоралы жобамыздың бірі – «Бір ауыл – бір өнім жобасы». Алғаш жапон халқы ойлап тапқан бұл ерек іс кейінірек қонысала Қырғыз елінде өркен жайған. Біз айырқалпақ жұрттың айылдарын аралап, ой елегінен өткізген соң осы жылы облыс аумағында бөгенайы бөлек бастаманы енгізуді құп көрдік, – деп түйіндеді сөзін облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Агроқешеннің көшелі көрсеткіші

Қарағандының агроқешені кейінгі бес жылда көшелі табыстарға жетіп отыр. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге өскен. Мал саны да өсіп келеді. Аймағымызда осы бағытта 6009 шаруашылық жұмыс істейді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ірі қара малдың саны 19 пайызға, қой мен ешкі 12 пайызға, жылқы 1,6 есеге, құс саны 1,3 есеге артыпты. Сонымен қоса, сүт өндірісі 18 пайызға, ет өнімі 15 пайызға өскен. Осы кезеңде тамақ өнімдерін өндіру көлемінің де 1,4 есе өсімі байқалады. Жыл басынан бергі уақыттың өзінде 119,9 млрд. теңгеге азық-түлік өндірілді.

Мұнымен қоса, өсімдік шаруашылығында жерді тиімді пайдалану бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жаңа тех-



нологиялары енгізіліп, сәтті жүзеге асуда.

Қартоп өндірісі 17,9 пайызға, көкөніс өндірісі 12,2 пайызға ұлғайтылды. Сонымен қатар, 803,5 мың тонна астық өндірілді.

Қысқасы, Қарағанды агросаласының көрсеткіші көшелі.



• АТАКӘСІП

Ақтылы қой өргізген

Бүгінде ақтылы қой өргізген Ақтоғай ауданына қарасты «Сәрсенбек» шаруашылығы қойды көбейтуге күш салуда. Асыл тұқымды дегерес ақ қойлардың санын арттыру үшін 90-шы жылдардағы тоқырау заманына қарамастан Алматыдағы арнайы ғылыми орталықпен бірлесіп жұмыс істеген. Нәтижесінде етті бағыттағы асыл тұқымды қой санын 2 мыңға жеткізген.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жақында «Сәрсенбек» шаруа қожалығына арнайы аттың басын бұрдық. Сапар барысында шаруашылық иесі Ернат Оспанов малды асылдандыруға, уақ малды көбейтуге қатысты өзіндік тың жоспарларымен бөлісті. Ауылында бүгінгі таңда заманауи мал қоралары салынып жатқандығын сөз етті. Сонымен қатар, мемлекеттің мал басын асылдандыру, көбейту, субсидиялау, жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша мән беріп, тиісті қолдаулар жасайтындығын да атап өтті. Осының негізінде қазіргі таңда «Сәрсенбек» асыл тұқымды мал шаруашылығының алдағы жылдарға жоспар құрып, тоқырау жылдары жойылып кеткен қойдың басын ауылға қайта қайтару мақсатында жүйелі жұмыстарынан хабарлар болды.

– Бабаларымыз «Мал өсірсен, қой өсір – пайдасы оның көл көсір» демеп пе еді?! Сыйлы қонағы, құдайы қонағы келсе де, қойдың басы мен жілігін алдына қойған халықтың. Шопан ата түлігінің бағасы осы бір-ақ ауыз сөзге сыйып тұрғандай. Қой кешегі өндіріс тоқтаған, еңбекақы мен зейнетақы көзден бұлбұл ұшқан қиын кезеңдерде де қазақтың берекесін сақтап, ақша орнына жүрді, азығы да, киімі де болды. Бүгінде елдің жағдайы түзелді, қой басын көбейту де қолға алынды. Түліктен алынған түрлі өнімдер ел экономикасының дамуына ықпал етіп, алыс-жақын көршінің нарығына жол тартуда. Кеңес кезінде Ақтоғай ауданының үлкен жетістігі – қой санын 250 мыңға жеткізіп, күллі одаққа атын шығарып, қой шаруашылығының өзіндік брендіне айналған дегерес бияз жүнді қойының өсірілуі. Оның ерекшелігі – етті-майлылығы мен тез жетілгіш қасиеті. Бұл көрсеткіш жөнінен олар елімізде бағылатын басқа қой тұқымдарынан көш ілгері тұрды. Сол қойдың қазір аталықтарының тірі салмағы орта есеппен 100-110, таңдаулылары 120-140 келі тартады. Аналықтарының көрсеткіші 65-75, кейде 80-90 келіге жетеді. Еркек қозылар енесінен бөлгенде 38-42, ұрғашылары 36-40 келі болады. Қой жайылымға жайлы, азығын тебідеп жейді, – дейді «Сәрсенбек» шаруа қожалығының жетекшісі Ернат Оспанов.

Расымен де деректерге сүйенсек, кезінде қой малының табыс көзі екенін зерттеген Кеңес үкіметі Қазақстандағы қой санын 50 миллионға жеткіземіз деп жоспар қабылдады. 1990 жылы қой саны 37 млн. болды. Негізінде, еділбай, дегерес, сарыарқа қойлары жерсіндірілді. Сонда басқа өңірлерден бөлек, Ақтоғайдың Жәмші, XXII партсезд, Ақтоғай шаруашылықтарында 250 мың қой болды. Қазір Ақтоғай ауданында 97 мыңнан астам қой бар екен. Бұл жерде өңірде қой мен жүннің терісі ешқайда өтпегендіктен босқа рәсуа болып, далаға тасталып кел-

гендіктен қой санының төмендеуіне де белгілі бір мөлшерде әсерін тигізгенін ешкім жоққа шығара қоймас. Ернаттың әкесі Батырбек Оспанов 1992 жылы 500 қоймен шаруашылықты ашып, жұмысқа кіріскен тұста Қазақстанда дегерес қойын өсіру және жетілдіру бойынша еңбек сіңірген маман Қырғызбай Бегембековпен және Ақтоғай ауданындағы селекционер-маман Зәруада Тәукеевпен тікелей жұмыс істеген. Осылайша, көп жылдар өтті, әрі биязы жүнді дегерес қой шаруашылығын дамытуға атсалысқан.

Ернат Батырбекұлының айтуынша, биылғы қысқа 1500 саулық қой, 250 қозшар және 250 тоқты түсетін көрінеді. Жемі мен шөбін де дайындап қойыпты. 1500 дана шөбін жаз айында қамдаған екен. 1992 жылы шаруашылық ашқан кездегі қыстауының 10 шақырым аумағына қоршау салып, келер жылы сол аумаққа екпе шөп өсіруді жоспарлап отыр екен. «Молалысу» жайлауына 2005 жылы үй тұрғызып, қора салған. Биыл «Молалысу 2» қыстауының басына 4 бөлмелі үйдің қабырғасын көтеріп, 1000 қой сыятын қора салып, саулықтарға арнайы орынды әзірлепті. 20 мың гектар жерінің өрісі отты, мал суаратын құдықтарды қаздырған. Жолдың бойына жақын орналасқан соң қаладан қой іздеп, қымыз, сүт, қаймақ, май сұрап келетіндер көп екен. Ата кәсіпті, ұқсатып дамытып отырған шаруа иесі 250 жылқы қайырып, 400-ге жуық асыл тұқымды ақбас сиырды өсіретінін атап өтті. Биыл «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 4 пайыздық несиесімен 200 ақбас сиыр сатып алыпты. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама аясында жаңа трактор алған. Бүгінде шаруа қожалығы 8 адамды жұмыспен қамтып, әрқайсысына 150 мың теңге жалақы төлеп отыр. 2012 жылдан бері шаруашылықтың шопаны Оразалы Жексембековпен мал суаратын құдық басында жолықтық. Шопанда ауласы мен қора-жайлары аумағына шағын жел станциясы мен күн батареясын орнатып алған қыстау жыл – он екі ай бойы жарықтан да тарықпайтындығын жеткізді.

– Күннің жинақталған қуатын қора ішіне орнатылған жарық көздеріне де жеткізіп, мал төлдету науқаны кезінде рақатын көрдік, – дейді шопан Оразалы Жексембеков. Оның айтуынша, үйден 100 метрдей жердегі құдықтан су шығару да қиын емес. Бұл үшін жерасты электр желісі арқылы су сорғышты іске қосып, қалағаныңша су жинауға мүмкіндік бар.

Қайта құрумен, тоқыраумен, дағдарыспен байланысты қиын кезеңдердің барлығын «Сәрсенбек» шаруа қожалығының иелері ауылдастарымен бірдей басынан өткерген. Әкесі де, анасы да жасынан адал еңбек етуге баулып, «Біреуден сұрағаның екі көзі шығады», кеудесінде намысы, көзінде оты бар, қолаяғы сау адамның біреуден тіленгені, әр нәрсенің басын шалып, берекесіз тірлік кешуі жарамайды», – деп ұдайы Ернат Оспановтың намысын қайрап, жігерін жанумен болған. Ернаттың бүгінгі күні ата-ана ақылының өте орынды екендігіне көзі анық жетіп отыр. Өмірлік қосағы Құмісжан екеуі үш бала тәрбиелеп, шаруашылығын дамытып отыр. Еңбеккер әулеттің үлкенінің де, кішісінің де астында «Джип» автокөлігі. Маң даладағы малшы үйі «айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» емес. Қалалықтар тұрмысынан еш кемі жоқ.

«Сәрсенбек» шаруа қожалығының басшысының айтқанындай, малдың басын көбейтуге, мал шаруашылығын дамытуға кедергі – тағы бір жайт ауылда мал бағатын адамның қалмай бара жатқаны. Осы орайда Ернат Батырбекұлы, ең алдымен, малшыға жайлы жағдай туғызу қажеттігін айтады. Малшылардың, механизаторлардың балаларын оқуға түсіруге жеңілдік жасаса, бейнет көріп, қысы-жазы мал соңында ыстығы пен суығына төзіп жүретін оларды зейнеткерлікке ертерек шығарса, басқа да әлеуметтік жағдайлар қарастырғанда, мал бағуға баратын жастар, отбасылар табылар еді дейді.

Ақтоғай ауданы

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Малшы табу – машақат

Бақташы табу фермерлердің бас ауруына айналғалы қашан? Рас, мұның ең бір себебі атақәсіптің соңғы кезде абырой-беделі түсіп кеткендігінен. Еңбекақының аздығы аталған мәселенің тағы бір ұшы боп тиеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, әңгімеміздің әлқиссасына «Еңбек» электрондық еңбек биржасына жұмыс берушілердің биылғы қазан-қараша айында орналастырған мал шаруашылығы жұмыскерлерінің бос орындарын негіз етіп отырмыз.

Бізге Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылы «Құрмет» шаруа қожалығы осыдан 1 ай бұрын хабарландыруы кезікті. 85-150 мың аралығында еңбекақы төлейміз депті. Енді қараңыз, мал соңында ат үстінен түспей ала таңнан қара кешке дейін жүруі керек. Бірақ, тағайындаған жалақыға жан шыдай ма?

Келесі кезіктірген Шет ауданы, Қызылтау ауылындағы «Ақмарал» шаруа қожалығы да 100 мыңның көлемінде айлық ұсыныпты. Шаруада 100 сиыр, 200 қой бар көрінеді. Бір айға жуық уақыт тұрған жарнамаға бір кісі ғана хабарласыпты.

Сөйтіп, Olx.kz бағдарламасындағы жұмыс берушілердің жарнамаларын бір шолып шықтық. Ақтоғай ауданы, Жалаңаш ауылындағы «Сұржал» шаруа қожалығының иесіне хабарласқан едік, бұл кісілер де малшыны әлі таппағандарын айтады.

– Жылда малшы іздейміз. Жиырма жыл бойы бір малшымыз бағып, өсіріп берді. Ол кісі зейнетке қалай шықты, міне, солай осы мәселемен жылда бетпе-бет келеміз. Жылқымыз қысы-жазы далада. 100 сиырымызды бағатын малшы керек

болады фермерлер. Мардымды жалақы ұсынса да, май-май боп далада жүргісі жоқ. Ауылда тұрып, трактор жүргізу білмейді дегенге сенбейміз, рас. Бірақ, таза еңбектен неге қашатындарын түсінбейміз, – дейді Балғат Жұмкин.

Сарапшымыздың тақырыбымыз жөнінде айтқаны да көңілге қонады. Фермерлер малшы таппағандықтан, құжаты жоқ, қараусыз қалған жандарға жүгіретінін айтады. «Оларға азын-аулақ ақша беріп қойғанға мән. Ал қауіпсіздігін өзге тұрмақ, өздері де ойламайды. Құдай бетін әрі қылсын, әлгіндегідей жандар мен фермерлер арасында түрлі жағдай болып та жатыр», – дегенді айтады эксперт.

– Ашығын айтайық, малшы таппай жүрген фермерлердің өздерінен де бар. Неге десеңіз, жұмыскерлерді ресми тіркеу дегенді мүлдем керек қылмайды. Оның зейнетақысына ақша аудару қажет. Әлеуметтік сақтандыруы және бар. Оның бәрі шаруаға шығын. Сол себепті, құжатқа деген сауаттылықты арттыру керек деп ойлаймыз. Оларды да түсінуге болады. Дүниенің бәрі қымбаттағанда, мал етінің құны мардымсыз болып отыр. Өздері табысқа шыға алмай отырғанда, қайдан тауір жалақымен жарылқасын? Үкімет дегендей шешіліссес, үмітіміз өшіп барады, – дейді сарапшы.

Үкімет шаруа қожалығында заңды



еді. Мініске ат та бар, мотоцикл де бар. Шаруашылық басында жеке үй де бар. 150-200 мыңның көлемінде айлық төлейміз. Малмен де есептесеміз. Айтпақшы, алғашқыда алдап соққандар болды. Алдын ала жалақымызға деп ақша салдырып алып, ізім-қайым жоқ боп кеткендер. Сөйтсек, интернет алаяқтары екен. Міне, дәл осы уақытта, күздің қара суығында хабарласатындар көп. Алайда, көктемге қарай қалаға сұранады да, жоғалады, – дейді фермер Ринат Тусенов.

Малшы табу мұңға айналғанынан бөлек, көктемде көп фермер тракторшы іздеп, жер-жерді кезеді. Жасырағы жоқ, механизатор кезіктіру де жыл өткен сайын күрделеніп барады. Бұл сөзімізді «Qaz-Agro Qoldau» Қарағанды облысының агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің қауымдастығының заңгерлік қызмет бойынша жетекшісі Балғат Жұмкин былай қуаттайды:

– Малшы табуды былай қоя тұрыңыз, науқан кезінде жұмыскер таппай шыр-пыр

тіркелген жұмыскерлерді субсидияласа, жарты айлығын фермердің өзі төлесе, бұл мәселе жолға қойылып қалар деген ұсынысын да жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қарапайым еңбек адамын қадірлей білу қажеттігін баса айтады. Атақәсіптің абыройын қайта қайырамыз десек, үнемі ат үстінде жүретін малшылардың еңбегін ұлықтағанымыз жөн. Білуімізше, тәуелсіздік жылдарында «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын қарапайым малшылардың ешқайсысы иеленбепті. Бұдан басқа да марапаттардан мақұрым қап жатады.

Осы кезде ойға келіп тұрған тағы бір өзекті дүние мынау: агросаланы оқып шыққан түлектердің де ауылдағы жұмысқа қызығушылығы жоқ. Мал дәрігері болу үшін емес, атқа мініп, мал қайыру үшін емес, әйтеуір, оқыды деген ат үшін дипломдарын алады, сандықтарына салады. Осыдан кейін аграрлық саланың келешегі қайдан көктесіп?!

• ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қанаты қатайған фабрика

Виктор Колчаев қора-қора қой өсіріп, үйір-үйір жылқы айдап отырған жоқ. Бірақ, бұл кейіпкеріміздің «Ақнар» ЖШС кәсіпорны өсірге белгілі. «Қайдан естідім?», «Неден көрдім?» дерсіз. Дүкен сөрелеріндегі «Ақнар құс фабрикасы» ЖШС атауымен шығатын құс еттері осы кейіпкеріміздің фабрикасынан. 2002 жылдары шетелден «Бройлер» тұқымды тауығын алып, Бұқар жырау ауданы орталығына әкелген болатын. Бүгінде шағын кәсібі үлкен фабрикаға айналып, өнімдері өңірдегі ірі сауда орталықтарында саудалануда.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бройлер» тұқымды тауық – етті әрі ірі. Сонау жылдары кәсіпкер шетелден тауықтың осы түрін алдырып, кәсібін дөңгеле-те бастаған. Әуелі, Сібір ғылыми-зерттеу институтының мамандары мен Израильден кеңесші шақыртып, арнайы дәріс үйренген. Одан қала берді, Венгрия, Израиль, Ресей, Украина және Жапония елінің мамандарының көмегіне жүгініп, тәжірибе жинаған.

«Ақнар құс фабрикасы» ЖШС – өңірдегі ірі кәсіпорындардың бірі. Олай дейтініміз, біріншіден, кәсіпкеріміз тауықты өзінің Ботақарадағы фабрикасында өсіреді. Одан бөлек, осы жерде сою және құс етін өңдеу, дайын өнімді орау және жөнелту цехы орна-

ласқан. Тіпті, жем шығаратын жеке жем зауыты да бар. Бүгінде үлкен төрт бірдей орталықтың жұмысын 340 адам өрге домалатып отыр.

– Әу баста кәсіпті екі қора тауықпен бастаған едік. Бүгінде 27 құс қорасы бар. Барлығы да аудан орталығының маңында ор-

наласқан. Құс қоралары 45 гектар жерді алып жатыр. Бұның ішіне жем зауыты мен екі цех кірмейді. Тауық еттерінен бөлек, ауыл шаруашылық жануарларына арналған жем шығарып отырмыз. Бұны өзіміз пайдаланудамыз. Жем зауытында жылына 45 мың тонна өнім өндіріледі, – деді

«Ақнар құс фабрикасы» ЖШС директоры Виктор Колчаев.

Қазіргі таңда тек бір ғана тауық тұқымы өсіріледі. Бүгінде жалпы 500 мыңнан астам тауық бар. Сою цехында сағатына 3000 тауық сойылып, орау және жөнелту цехына жіберіледі. Тауық еттері арнайы қаптамалармен қапталып, сатылымға жөнелтіледі. Айта кетейік, аталмыш кәсіпорын жыл сайын 8200 тонна құс етін өндіреді. Ал, басты тұтынушылардың бірі – «Қарағанды нан компаниясы» ЖШС.

– Үкімет тарапынан жеңіл-



детілген несие алғанбыз. Нәтижесінде өнім көлемі артып, оң нәтижесін берді. Енді тағы 10 құс қорасын салып, қосымша 100 адамды жұмысқа алу жоспарлануда. Сөйтіп, өнім көлемін одан әрі арттырып, құс еттерін тек аймаққа емес, күллі республикаға импорттау көзделіп отыр. Одан бөлек, жем зауытына да біршама өзгерістер енгізсек пе дейміз. Жемді түйіршіктеу технология-

сын енгізіп, импорттау қажет, – деді Виктор Колчаев.

Фабрика – елдегі сала кәсіпорындары арасындағы бәсекеге қабілетті кәсіпорындардың бірі. Өндіретін өнімнің саны да, сапасы да, тіпті, бағасы да көптің көңілінен шығып үлгерген. «ҚМДБ халық» стандарты бойынша сертифицирталған.

Бұқар жырау ауданы



• ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Қарекет түбі – берекет

Шет өңірі – ежелден түлік өргізген өңір. Бүгінде де сол үрдісі үзілмеген. Төрт түлік арқылы түтіні түзу ұшқан жайы бар. Мал шаруашылығы арқылы мұнда мұрты майлаған фермерлер көптеп кездеседі. Сондықтан да, ауданның тұрмыс-тірлігі күн санап жақсарып келеді. Бұған еңбегінің өтеуін төккен тер мен жомарт жерден ғана сұрайтын жергілікті шаруалар үздіксіз үлес қосып жүр. Олар мал шаруашылығымен қатар егін де салады. Тегі, қыс қыстаққа, жаз жайлауға көшірген үйір-үйір жылқы, отар-отар қой – ауылдың ені екенін тамыры атамекенде жатқан қазақ жақсы біледі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында да «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді» деп нақтылап айтты. Оң пікір.

– Мал ұстаған соң, оның қызығын

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік бағдарлама арқылы шаруашылығын шалқытқан шаруа қожалығының бірі – «Харекет». Қожалық басшысы – Қуаныш Хантурин. Бұдан бірнеше жыл бұрын «Сыбаға» бағдарламасы арқылы мал шаруашылығын қолға алған ол ауыл шаруашылығының көңігі маманына айналған. Бағымындағы қазақтың ақбас сиырының саны 300-ге жуықтаған. Аналығы 150-ден асады. Оның әрбіреуіне 150 мың теңгеден субсидия алады. Шаруа қожалығы жетекшісінің айтуынша, бұл малдың жем-шөбі мен күтіміне жетеді.

– Қазақтың ақбас сиыры мекен талғайды, әрі төзімді келеді. Ыстық-суыққа қоңын да оңай бермейді. Еті де өзге сиырларға қарағанда дәмдірек. Міне, алты айға толған бұзауларын құжаттарымен сатуды бастаймыз. Оның құны да өзгеше болады. Бір бұзаудың бағасы 300-500 мың теңгені құрайды. Малдың бұл тұқымын өсіргелі 9 жылдың мұңдары. Өте берекелі. Ал, қалған сиырларға жыл сайын 25 мың теңгеден беріледі. Бұл да жем мен шөпке әжептәуір көмек. Қарекет қылып, адал жолмен нәпақа табамын, жұмыс істеймін деген жанға Үкімет жол көрсетіп, жағдайды жасауда. Тек өзіміз әрі әкете алсақ, жарадық, – дейді Қуаныш Хантурин.

Расында, «Үкіметтен көмек жоқ» дегендердің құлағына алтын сырға. «Харекет» шаруа қожалығы тек сиыр ғана емес, қой да өсіріп, көл-көсір пайдасына кенеліп отыр. Биыл 500 қойдың әр басына 2500 теңгеден субсидия алған. Оның айтуынша, қой қыстың ортасына дейін далада жайылады. Боранда ықтаудан сақтап, бақсаңыз, орташа аяздарға қой шіркін төтеп береді. Жылқының шарын қуалай жайылған Шопан ата төлі ауа райы қолайсыздығына төзгіш. Тек көктемде төлдегенде сақ болған абзал екен.

– Қой қоздағанда қозылар егізден туып жатады. Оның сынары еркек-ұрғашыдан болса, еркегі міндетті түрде әлжуаз келеді. Еркегін қадағалап, ауыздандырмаса, жұлмырлау, ширақ ұрғашысы бар сүтті еміп қояды. Ал, жалқы туған қозылар ерте пісіп, жетіледі. Қарап отырсақ, төрт түліктің әрқайсысы өзіне ерекше, – деп түйді шаруа қожалық иесі.

Шаруа қожалығы жетекшісі бұған қоса егін де салады. Бұдан бірер жыл бұрын мемлекет бағдарламасымен техникасын сақадай сайлап алған. Жаңа трактор, шөп шабатыны және күреуішін қоса алған. Бүгінгі таңда малға берілетін



жердің жартысынан көбі шаруа қожалығының өз тарапынан. Бұл да – өніп-өркендеу, дамудың белгісі.

– Әуел баста мал асырауды бастағанда жылқыға – 15 млн. теңге, сиырға 15 млн. теңге несие алғанмын. Бұл Үкіметтен берілген көмек деп санаймын. Әрине, сол қаражатты ұқсатып, өнімін көбейтсе,

көру керек. Жақсы өмір сүруге ұмтылып, өзіңнен, ағайын-туыстан көмек аямаған абзал. Қазір біздей шаруалар бүтін бір ауылға ұйытқы болып отырған жайы бар. Біздің де көкесегеніміз – тұрған мекенімізге пайдамызды тигізу, – дейді Қуаныш Хантурин.

Ауыл қаланың тынысы екені көптің

«Қазақтың ақбас сиыры мекен талғайды, әрі төзімді келеді. Ыстық-суыққа қоңын да оңай бермейді. Еті де өзге сиырларға қарағанда дәмдірек. Міне, алты айға толған бұзауларын құжаттарымен сатуды бастаймыз. Оның құны да өзгеше болады. Бір бұзаудың бағасы 300-500 мың теңгені құрайды. Малдың бұл тұқымын өсіргелі 9 жылдың мұңдары. Өте берекелі. Ал, қалған сиырларға жыл сайын 25 мың теңгеден беріледі. Бұл да жем мен шөпке әжептәуір көмек. Қарекет қылып, адал жолмен нәпақа табамын, жұмыс істеймін деген жанға Үкімет жол көрсетіп, жағдайды жасауда. Тек өзіміз әрі әкете алсақ, жарадық».

онда ойға алған мақсатқа жеттің деген емей немене?! Мемлекетімізді түбінде дамытар – осы ауыл шаруашылығы. Өзіңе-өзің қызмет ете берсең, пайдасы жоғары да тиеді. Ал, манайға тигетей пайда тисе, олар саған келіп, көмектесуге міндетті емес. Мен сырттан жұмысшы іздемеймін. Шаруа қожалығымыздың бар шаруасы өзім мен бала-шағамнан артылмайды, – деді Қуаныш Хантурин.

есінде. Қалаға келген құрт-майдың, қазы-қартаның отаны – ауыл. Негізі, қазақтың қай жерде жүрсе де, кіндігі ауылға байланған.

Шаруашылық жетекшісі Қуаныш Хантуринді ауыл-аймақ жете таниды. Өйткені, оның ауылдас ағайындарға көмек беруден жаңылып көрген жері жоқ. Барын жапалақша басып емес, сұңқарша шашып жейтін азаматтар осындай болса керек-ті.

Жомарт жердің бабын тапқан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Компания Көксу кеңшарынан бөлініп 1997 жылы ашылды. Ол уақытта атауы «Астра» болатын. 26 жыл бұрын Голландиядан келген компания иелік етті. Негізгі бағыты – картоп тұқымының шаруашылығы. Яғни, Қазақстанға картоп өнімінің голландық жаңа сұрпын кіргізіп, тұқымын Қазақстанға сату үшін құрылды. Еліміздің түпкір-түпкірін осы картоппен қамтамасыз етті. Көксу ауылының орталығында орын тепті. 2000 жылдың бас кезінде компанияға немістер келді. 2015 жылдан бастап, бұл шаруашылықтың басшысы – Аманкелді Мұқашев.

– Негізгі бағытымыз – картоп, оның ішінде бұрыннан келе жатқан тұқымды әрі қарай шетелден алып, Қазақстан бойынша тарату, одан бөлек шетелге кіріптар болмас үшін өзіміз 2015 жылы ашқан ғылыми зертханана құтыда өндіріп, дамытып жатырмыз.

Қазақстанда өсіріп, көбейтуге рұқсаты бар шетелден әкелген сұрпытардың тұқымдарын шығарамыз.

Тек голландтық тұқым бар деген қате ұғым, дүние жүзінде неміс, Шотландия, Франция, Польша басқа да мемлекеттен келетін картоп тұқымының түрі көп. Бізде тек білетініміз голландтық қана. Еуропа жерінің құнарлылығы мен ауа райының ыңғайына байланысты картопты көп егеді. Әр елдің өз картобының сорты бар, – дейді Аманкелді Мұқашев.

Дегенмен, делдалдар да бұл салада өріп жүр. Алап басынан 30-40 теңгеден алған олар дүкен, базарға жеткенше бағаны жүз құбылтатыны тағы бар.

Бұл тығырықтан шығудың жолдары жасалып жатқанымен, түбегейлі шешім жасар күн тумалы тағы анық.

Мемлекеттік қолдау да бар. Мысалы, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының арнайы дүкендерінде сатылымға қойылған картоп осы алаптардан тікелей делдалсыз жеткізіледі.

Айта кетерлігі, 2017 жылдан бастап, «Астра-Агро LTD» ЖШС – еліміздегі картоп тұқымының оригинаторы мәртебесіне ие жалғыз компания.

– Абай, Павлодар, Алматы, Жамбыл

Қалғаны қаңтар айында бұзаулауы керек.

– 500 сиырға ферма салып қойдық. Соны қосқанда байлаулы тәсілді алып тастап, жаңа технологиямен малдарды бос жіберуді енгізбекпіз. Яғни, сиырлар байлау-байды, жем-шөбін жеп, арнайы орнына өзі кіріп автоматты түрде сауылып, емін-еркін жүреді.

Мал жайылымға шықпайды. Жыл, он екі ай қолда, жем-шөпті де өзіміз дайындаймыз, – дейді Аманкелді Мұқашев.

Оған да себеп бар. Өрісте жүрген ауыл малдарынан кесел жұқтырып алуы мүмкін. Шаруашылық арнайы барып, 2015 жылы Чехиядан 300 симменталь ірі қарасын, кейін Латвиядан да асыл тұқымды мал сатып алды.

Алдағы уақытта Еуропадан мал әкелуді жоспарлап отыр.

Көксу ауылы Топар су қоймасына жақын жерде орын тепкені де жақтасып, жадьрасып тұрғандай. Мұндағы 2500 гектардай суармалы жер осы көлден шөл басады. Оның 1 гектардай жері «Астра-Агро LTD» ЖШС-не тиесілі.

Дәнді-дақыл да осы суармалы жерде өсіріледі. Жоңышканың бірінші шабылымы жем-шөп қорына жіберіледі. Одан бөлек, жүгері егіп, сүрлем жасалады. Қолдағы сауын сиырға осы құнарлы да дәруменге бай дақыл беріледі.

Табиғат биыл дикандарды сынаққа алған жыл болды. Жаз күні күйдірген ыстық болса, күз жаңбырлы болып есті алды. Астралықтар да жауын тоқтаған уақытты пайдаланып, салынған картопты дайын тұрған техника, жұмысшылар күшімен жинап алды. Дегенмен, толассыз жауын 30 пайыздай өнімді жинауға мұраст бермеді. Жерде қазыпмай, жинаусыз қалды.

– Ауа райы қолайсыздық танытқанымен, картопты жинап үлгердік, далада қалғаны да бар. Табиғаттың бұл тосын мінезіне байыпша қарауымыз керек. Келесі жылы жаңа жайлы болатын шығар? – дейді шаруашылық жетекшісі.

Абай ауданына қарасты Көксу ауылындағы «Астра-Агро LTD» компаниясында бүгінде 100 шақты адам жұмыс істейді. Науқан уақытында қосымша тағы 150 ша-



облысының дикандары жыл сайын бізден картоп тұқымдарын алып тұрады. Өзбекстаннан да келіп алатындар бар. Оңтүстік Қазақстан облысынан да тапсырыс берушілер көп, – дейді компания басшысы.

«Астра-Агро LTD» ЖШС-ның құрамында мал шаруашылығы да бар. Фермада 200-250-ге дейін сауын сиыр ұстайды.

Қазір 150 бас сауында байлаулы тұр.

масында жұмысшы тартылады. «Теміржол бойында болсақ қой, жұмыс болар еді» деп, жерден нәсіп таппай отырған ауылдарға үлгі болатындай Көксу ауылының жетістігіне осы «Астра-Агро LTD» компаниясының да үлесі мол.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Абай ауданы

• МИНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Тракторшының махаббаты

Шет ауданы, Жоғарғы Қайрақтыға қарасты Майбас қыстағында Арайлым Жекенқызы трактор жүргізіп, шөп шабады. Онымен қоса, үйіндегі шаруасын да шашу шығармай, өзі атқарады. Күнделікті тамағы, сауатын сиыр-бінесі бар, тартатын сүті, шайқайтын майы, жаятын құрты бар.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күнделікті осынау тірлікті шаңырақтың келісті келіні Арайлым атқарады. Арасында уақыт тауып, жары Дарын Ізтілеуұлына қолғабыс етеді. Қасында жүріп, жұмсағанға жарап тұрса, аса таңырқамас едік. Ал, Арайлым өздеріне тиесілі шағын шаруашылықтың үлкен жұмысын жүйелеп отыр. Жаз бойы көк тракторды мініп алып, шөп шабады. Оны көпендейді. Қыста қымтанып алып, мал жайғауға шығады.

Мұндай қыстақтың қара жұмысына барған себебі мынада екен. Күйеуі Дарын – үйінің жалғыз ұлы, яғни, қарашаңырақтың иесі.

«Осының бәрін түйсінген соң саналы түрде, өзім өтініш жасадым. Әйтпесе, шаруашылыққа жалғыз өзі үлгермей жатады. Бір жағынан өрістегі малды қарау керек, онымен қоса шөп бар. Содан

маған «Ауди» көлігінен бастап, мотоцикл, трактор айдауды үйретті», дейді тракторшы келіншек.

Алғашында Арайлым мотоциклмен қырда жүрген күйеуіне көже-қатық апарып тұрған. Мал қайырысады. Үйдегі тірлікке қарайласады. Қысқасы, тыным жоқ.

Ал, Дарын қазір келіншегіне әбден сеніп алған. Тракторын, көлігін жөндесе, Арайлымсыз аттап баспайды-мыс. Неге десеңіз, жас келін кілт-сайманның бәрін жаттап алыпты. Ендігі мақсаты – жөндеп үйреніп алу, сосын алаңсыз қырда шөп шаба бермек.

Арайлымның қыстаққа келін боламын дегені үш ұйықтаса, түсіне кірмепті. «Болашақ» колледжін тәмамдаған соң Жылжымайтын мүлік орталығына жұмысқа тұрады. Сол кезде осындай қыстақтарды аралап, үйдің, жердің, баздың өлшемін жасайды екен. Сондағы бастығы Арайлымға әзілдеп, «Ертең осындай

қыстаққа келін боласың», дейді екен. Ал, Арайлым болса, «Алла сақтасын» деп, ат-тонын ала қашқан көрінеді.

Бастығының айтқанын Алла қабыл етіп жібереді де, көп ұзамай қыстақтың келіні болып шыға келеді.

Келін болғанда да қандай келін, ә? «Енемнің мектебі ғой», дейді өзі. Ауылда өскенімен, сиыр-біне сауаған көрінеді. Мал сауа алмаған соң белгілі сүт тартып, ірімшік қайнатуға да жатығы бары. Бірақ, Арайлым мұның бәрін бір көрсеткеннен-ақ қағып алады. Қазір қыстақта отырып-ақ, қымыз-құртын, май-қаймағын Астана мен Алматыдағы тұтынушыларына жөнелтеді.

Шағын шаруашылықтарында 50 қазақы сиыр, бір үйір жылқысы бар. Мемлекет тарапынан қолдауға жүгіне қоймапты. Тек, жаңа трактор алғылары келіпті, алайда кепілдік болмаған соң, оған қол жеткізе алмапты. Енді-



гі ой-мұрағаттары – екеулеп еңбек етіп отырған соң, шаруашылықты өрмен қарай үлкейту, өрісті малға толтыру.

Айтпақшы, екеуінің шекесі торсықтай үш ұлы бар. Еңбек

көріп өсіп келе жатқан балаларының да ыңғайы шаруашылыққа келеді екен. Күні ертең үш ұлы мыңғырған қой, үйір-үйір жылқы,

табын-табын сиыр айдаса, таңырқамаймыз.

«Келіншегімнен танысқанымызға үш ай уақыт өткен соң алып қаштым. Жар таңдаудан қателеспепін. Үйдегі жалғыз ұл болған соң бүкіл жүк маған түсетін еді. Қазір сол жүгім жеңілдеді. Жарым Арайлым өзі маған жаны ашып, көмектескісі келді. Барлығын тез үйреніп алғанына өзім де таңмын. Қысы-жазы дала-ның шаруашылығы бітпейді ғой. Бұрын малдан сыртқа мүлдем шыға алмайтынмын. Қазір келіншегіме тапсырып, алаңсыз кете беремін. Осындай адал жан жолыққан мен шынымен бақыттымын», – дейді жолдасы Дарын.

– «Май-май боп трактор тепкені несі?» деп сөз қылғандар болды. Бірақ, нағыз адал еңбек, маңдай тер осы деп ойлаймын. Күні ертең үш ұлымыз өскенде, шаруамыз дөңгелеп кетеді деп сенеміз. Ал, оған дейін күйеуіміз екеуіміз еңбек ете береміз, – дейді тракторшы келіншек.

Қысқасы, тракторшы келіншектің махаббаты Майбас қыстағындағы шаруашылықтың берекесін арттырып отыр.

Шет ауданы

Айқарманы әзірлеген Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ



• ТАҒЫМ

Еліне елеулі азамат еді...

Қарқаралы өңірінің сүйікті ұлы, ардақты азаматы, аудан, облыс, республика төңірегінде спорт саласындағы жетістіктерге жеткен ел мақтанышы Тұяқхан Түшкенұлы 65 жасқа қараған жасында өмірден өтті. Қаралы хабарды естігенде есенгіреп қалғанымыз рас. Ағайын-туыс, дос-жаран, жерлестер ортасында орны бөлек, ерекше азамат еді.



Тұяқхан жастайынан өмірін мәнді, мазмұнды әрі нәтижелі өткізуге тырысты. Қасым ауылындағы орта мектепте білім алып жүрген шағынан бастап-ақ спортқа әуестік көрсетті.

1975 жылы Қарағанды қаласындағы Педагогикалық институттың дене шынықтыру мамандығына жоғары оқуға түсіп, спортпен кәсіби тұрғыда шұғылдана бастады. Халықаралық спорттың түрлері самбо және дзюдомен ғана айналысып қоймай, қазақша күресті де қолға алды. Сол кезде ақ самбодан «СССР спорт шебері кандидатының» нормативін орындады. Бұл нормативті орындау әркімнің қолынан келмейтін, оңай іс болмайтын. Осы жылдары Тұяқхан Қарағанды облысының құрама командасына қабылданып,

республикалық деңгейде біршама жарыстарға қатысты.

1980 жылдардың басында Польша мемлекетінде әскери борышын өтеген шағында да спортпен кәсіби шұғылданып үзген жоқ. Армиядан келген соң Еркін Жүнісовтің басшылығымен Қарқаралы ауданының спорт мектебіне жаттықтырушы болып тағайындалды. Осы мектеп шаңырағында қазақ күресінен, самбо мен дзюдодан өзіміздің жастарына жаттықтырушы болып қызметтес болған әріптестерімен бірге спорт шеберлерін тәрбиеледі. Солардың бірнешеуін атап айтсақ, Данияр Құсайынов, Ыбырайхан Орманбетов, Ерлан Ұлықпанов, Аспандияр Спатлов, Саят Сейтбеков, Берік Майшекин, Саят Жарқынбеков. Шәкірттері

облыстық, республикалық деңгейдегі бірнеше жарыстарда жеңіске жетті.

Кәсіби қызметін Нұркен Әбдіров атындағы пионер лагерінде жалғастырып, оқушыларды тәртіпке, спортқа ғана шынықтырмай, туған өлкесін игеріп, Қарқаралы өңірінің табиғатын зерттеп, танып білуге баулитын іс-шаралар ұйымдастыра білді.

Еліміз егемендік алған жылдары заманына сай кәсіпкерлікпен

шұғылданып, шағын бизнеспен айналысты. Жанар-жағармай, ауылшаруашылық, егін шаруашылығы саласын дамытты, қаншама адамды жұмыспен қамтыды. Кәсібінің табысын елмен бөлісіп, әлеуметтік жағдайы нашар қаншама адамдар мен отбасыларына қолғабысын берді. 20 малға дейін құрбандық шалып таратып отырды. Дүние емес, адал дос жинады.

Адам көзі тірісінде біреуге білім үйретіп, тәрбие берген болса, қайырымдылық пен қамқорлық жасаса, амалы тоқтаса да, соңынан сауабы тоқтамай оған күн сайын жазылып тұрады екен.

Артынан ерген қыз, ұлдары мен немерелерінің бойына да марқұм адамшылық құндылықтарының қалыптастырғаны байқалады. Өкенің ғибратты жолын жалғастырар ұрпағына, жары Қарлығашқа ұзақ өмір тілейміз. «Ер есімі – ел есінде» деген халықтың асыл сөзі осы азаматқа тән!

Жаньбек ЖАРМАҒАМБЕТҰЛЫ
жездесі, Ерен еңбегі үшін медалінің иегері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі
№620

• РЕСМИ

Орташа айлық жалақы – 329618 теңге

2023 жылдың III тоқсанында облыстағы орташа айлық жалақы – 329618 теңге деп хабарлайды Ұлттық статистика бюросы. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 119,9%-ға өскен.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2022 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең көп өсуі жылжымайтын мүлікке қатысты жасалатын операциялар саласында. Яғни, 61,1%-ға өскен. Ал, қаржылық және сақтандыру қызметінде жалақы 31,7%-ға өскенін байқасақ, құрылыс саласында бұл көрсеткіш – 30,8%.

Бірақ, деректер тамақтану бойынша қызмет көрсететін салада жалақы 8%-ға төмендегенін көрсетеді.

Ең жоғары жалақы өнеркәсіп кәсіпорындарында. Атап айтар болсақ, бұл жердегі айлық орташа жалақы – 448461 теңге. Ең төменгі жа-



лақы – 172255 теңге.

2022 жылдың III тоқсанмен салыстырғанда биыл орташа айлық жалақының өсуі Қарқаралы ауданын қоспағанда, облыстың өзге өңірлерінде байқалады. Мәселен, облыс бойынша Шахтинск кәсіпорындарының қызметкерлері ең жоғары жалақы – 438840 теңге алса, ең төменгі жалақы – 197032 теңге Приозерск қаласы кәсіпорындарының қызметкерлеріне тиесілі.

Қарағанды қаласының 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы

Қала халқының саны 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 519,4 мың адамды құрады.

2023 жылдың 2 тоқсанындағы орташа айлық жалақы – 319 713 теңгені құрады, бұл 2022 жылдың көрсеткішінен 17,6% артық.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйек айында жалпы қаржылық емес сектор бойынша шығарылған өнеркәсіп өнім көлемі 568 353,0 млн. теңге немесе 2022 жылғы көрсеткішке қарағанда 106,9% құрады. НКИ – 109,5%;

Оң серпін келесі салаларда байқалады:

– өндіру өнеркәсібі – 430 601,5 млн. теңге, өндіріс көлемі 14,5% өсті;

– металлургия өнеркәсібі – 109 287,7 млн.теңге, өндіріс көлемі 31,8% өсті.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 13 270,9 млн.теңге, оның

ішінде:

– өсімдік шаруашылығы – 11 352,2 млн.теңге;

– мал шаруашылығы – 1 863,6 млн.теңге.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 159 195,3 млн. теңге немесе 2022 жылғы көрсеткішке қарағанда 122,7% құрады. НКИ -116,3%.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 64 070,4 млн.теңгені құрады, 303,7 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді немесе 2022 жылдың көрсеткішіне қарағанда 110,8%.

Бөлшек сауда тауарларының айналымы 880 281,7 млн.теңге немесе 2022 жылдың көрсеткішіне қарағанда 116,2% құрады. НКИ – 102,3%.

Есепті кезеңде экономиканың нақты секторында 750 жұмыс орны құрылды немесе 2022 жылғы көрсеткішіне қарағанда 170,5% көп

жұмыс орны құрылды.

Тұрақты және уақытша жұмысқа орналастырылғандар – 6 649 адам. Түсімдердің үш санаты бойынша орындалуы 72 990,6 млн.теңге немесе 2022жылдың сәйкес мерзіміне 123,8% орындалды.

Атаулы әлеуметтік көмек 243 258,0 мың теңге көлемінде 785 отбасына / 3 448 адамға төленді. Тұрғын үй көмегі 20 886,27 мың теңге сомасында 974 отбасы / 1 199 адамға төленді.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жалпы өлім 9,4%-ға, сәбилердің шетінеуі 27,2%-ға төмендеді.

Қылмыс деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 3,8% төмендеді.

560,5 мың адамды қамти отырып, 5 646 мәдени-бұқаралық және 208 спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілді.

Қарағанды қаласының бюджеті

Атауы	2022 жылғы орындалуы	2023 год	
		Нақтыланған жоспар	2023 жылғы 01.11 орындалуы
1	2	3	4
Барлық түсімдер	104 982	119 024,7	89 148,5
Салықтық түсімдер	73 053,2	81 808,1	76 998,4
Салықтық емес түсімдер	813	927	988,7
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 386,1	1 406,2	1 345
Трансферттер	22 090,6	21 349,5	18 455,4
Бюджеттік кредиттерді өтеу	306,2	606	
Қарыздар түсімі	5 788,4	4 235,6	1 446,2
Барлық шығындар	104 982	119 024,7	89 148,5
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 052,5	4 108,1	2 942,4
Қорғаныс	138,8	329,9	302,5
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	987,9	1 212,3	1 010,1
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	7 406,7	11 073	7 998,2
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	20 182,9	37 278,5	24 315,6
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4 891,9	8 314,3	7 304,7
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 783,2	2 667,3	1 746,8
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	103,1	125,2	80,5
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	628,7	518,4	225,3
Көлік және коммуникация	14 157,9	23 083,8	18 283,5
Басқалар	10 367,3	14 598,1	12 494,6
Борышқа қызмет көрсету	1 329,7	1 280,2	1 270,3
Трансферттер	33 604,2	11 863,1	9 377,3
Қарыздарды өтеу	6 347,3	2 572,5	1 796,7

Қарағанды қаласының 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

Құрылған күні: 1934 жыл

Территория: 498 ш.км

Халқы: 519 377 адам (облыс халқының 45,7% құрайды)

Этникалық құрамы: қазақтар - 51,3%, орыстар - 32,2%, басқалар - 16,5%

Жұмыссыздар саны: 2 504 адам

Нысандар саны: білім беру – 205, денсаулық сақтау – 105, мәдениет – 89.

Қала әкімі: Қожухов Мейрам Мұратұлы

Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	қаңтар-қыркүйек		
		2022	2023	2022 жылға, %
ӨНЕРКӘСІП				
Өнеркәсіп өнімдерінің (жұмыстардың, қызметтердің) көлемі, ағымдағы бағамен	млн. теңге	531 575,2	568 353,0	109,5 (ИФО)
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу	млн. теңге	54 587,0	39 043,5	99,4 (ИФО)
Көмірді өндіру	млн. теңге	48 531,6	29 321,7	97,6
Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру	млн. теңге	607,8	652,8	79,8

Кен өндіру өнеркәсібінде саласындағы қызметтер көрсету	млн. теңге	5 447,6	9 069,0	124,0
Өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде:	млн. теңге	378 162,5	430 601,5	114,5(ИФО)
– тамақ өнімдерін өндіру	млн. теңге	93 301,3	90 917,8	94,0
– сүт өнімдерін өндіру	млн. теңге	5 677,5	7 088,1	96,6
– нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру	млн. теңге	9 459,8	9 573,4	101,8
– сусындар өндірісі	млн. теңге	22 908,4	32 408,7	99,4
– Жеңіл өнеркәсіп, оның ішінде:	млн. теңге	1 828,3	1 944,2	104,1
– тоқыма бұйымдарын өндіру	млн. теңге	285,5	542,4	90,1
– киім өндіру	млн. теңге	1 037,5	869,7	108,7
–Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	млн. теңге	10 761,9	11 254,4	111,2
– Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру	млн. теңге	13 411,6	14 545,1	118,1
Металлургия өндірісі, оның ішінде:	млн. теңге	119 979,0	125 438,3	137,5
– Негізгі асыл және түсті металдар өндіру	млн. теңге	1 656,1	1 800,8	104,5

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өсімдік шаруашылығы өнімдері	млн. теңге	13 921	13 270,9	99,4 (ИФО)
мал шаруашылығы өнімдері, оның ішінде:	млн. теңге	12 244	11 352,2	99,9
Мал шаруашылығы өнімдері	млн. теңге	1 636	1 863,6	94,9
<i>Мал шаруашылығы өнімдері</i>				
Мал мен құстың тірідей салмағы	тонна	729,7	625,2	85,7
сүт	тонна	2 586,9	2 593,4	100,3
жұмыртқа	мың дана	2 220,3	2 235,5	100,7

Мал және құс

мүйізді ірі қара мал	бас	2 240	2 490	111,2
қой-ешкі	бас	2 176	3 315	152,3
жылқы	бас	403	842	208,9
құс	бас	29 905	24 220	81,0

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млн.теңге	129 778,5	159 195,3	116,3 (ИФО)
---	-----------	-----------	-----------	-------------

ШАҒЫН КӘСІПкерлік

ШОК жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны, барлығы	бірлік	49 735	55 827	112,2
--	--------	--------	--------	-------

ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс жұмыстарының көлемі	млн. теңге	83 893,5	64 070,4	75,6 (ИФО)
Тұрғын үйді пайдалануға беру	мың ш.м.	274,0	303,7	110,8

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Жергілікті бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түсуі	млн. теңге	58 969,9	72 990,6	123,8
жоспарға орындалуы, %		101,8	111,5	

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Жұмыссыздар саны	адам	1 613	2 504	155,2
Жұмыспен қамтылғандар	адам	5 051	5 200	102,9
Қоғамдық жұмысқа жіберілгендер	адам	619	676	109,2
Кәсіптік оқытуға жіберілгендер	адам	213	210	98,6
Кедейлік шегінен төмен тұратын аз қамтылғандар саны	адам	4 415	3 658	82,9

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Туу коэффициенті (қаңтар-тамыз 2023ж.)	тұрғындар 1000 адамына	15,58	14,88	95,5
Өлім коэффициенті (қаңтар-тамыз 2023ж.)	тұрғындар 1000 адамына	9,69	8,78	90,6
сәбилердің шетінеу коэффициенті (қаңтар-қыркүйек 2023ж.)	тұрғындар 1000 адамына	8,1	5,9	72,8

БІЛІМ БЕРУ

Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы саны (2 жастан 6 жасқа дейін)	адам	25 089	21 015	83,8
Мектепке дейінгі мекемелермен қамтылған мектеп жасына дейінгі балалардың саны (2 жастан 6 жасқа дейін)	адам	19 231	17 766	92,4
қамтылу, %	%	76,7	84,5	110,2
мектептердегі оқушылар саны	адам	73 055	74 524	102,0
компьютерлер саны	бірлік	18 844	14 454	76,7
1 компьютерге шаққандағы оқушылар саны	адам	3,9	5,1	

ҚЫЛМЫС

Жалпы қылмыстар	бірлік	4 199	4 143	98,7
оның ішінде уыр және аса ауыр қылмыстар	бірлік	1 180	1 496	126,8
Аса ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі	%	65,0	47,7	
Ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі	%	85,7	63	

Құттықтаймыз!



Қарқаралы ауданының тұрғыны, әулетіміз үшін ардақты жан, асыл ағамыз **Мұрат Тәнірбергенұлы ТОЙЫНБЕКОВТІ** асқарлы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Адам өмірінің асқар биігі алпыстың шыңына шығып отырған Сізді, іні-қарындастарыңыздың қамқор ағасы, отбасыңыздың алтын тіреуі, балаңыздың асқар тау әкесі, жиендеріңіздің аяулы нағашысы ретінде құрметтейміз. Әрдайым ағалық ақылшыңызды айтып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден жаңылған емессіз. Туған-туыс, отбасына деген ерекше ықыласыңыз сіздің қашанда қамқоршы, нық сүйер Аға екеніңізді танытып келеді.

Өмір жолыңызда еңбексүйгіштігіңізбен, белсенділігіңізбен жемісті қызмет атқарып абыройға бөлендіңіз! Ауданның экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, білімді маман, білікті басшы ретінде қазынашылық саласында табан аудармастан 30 жыл бойы маңдай термен еселі еңбек етіп келесіз. Жақында берілген «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісі сол еңбегіңіздің жемісі. Сіздің осындай өрелі істеріңізді айтқанда ауыз толады, өйткені, Сіздің өміріңіз нағыз майталман маманның, ұлағатты әкенің, еліміздің абзал азаматының өнегесі.

Аға десе асқар тау елестейді,
Сен дегенде көңілім егеспейді.
Денің сау боп отбасына бас болшы,
Ешбір жан өзіңменен теңеспейді.
Аман жүр, аға, жеңгеммен,
Жан бар ма саған тең келген.
Несібең тасып, бақ қонып,
Тірегім болшы дем берген.
Арқа сүйер ағам менің тірегім,
Туған күнде саған бақыт тіледім.
Мақсатына межелеген жете бер,
Аспан ашық, шатты болып жүрегің.

Ізгі тілекпен: **Мейірбек-Сәуле, балалары.**

т/б

• ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕШІШІ

Николайдың рекорды

Балқашта Николай Савидов деген қолөнер шебері бар. Көз тартар сәнді бұйымдар жасап жүрген микроминиатюрші жөнінде қадірменді оқырманға айтуды жөн санадық. Ол ұлттық музыка аспаптарын және шахмат тастарын жасайды. Балқаштың жұрты Николай шебердің өнерін жоғары бағалайды. Биыл 70-ке толды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Николай Савидов бұл өнермен 40 жыл айналысып келеді екен. 40 жыл ішінде бір музейді толтыратындай туындылары бар. Саны 1700-ден асады.

– Микроминиатюрамен 1983 жылдан бері айналысып келемін. Бір журналдан тауық жұмыртқасының қабығына жылқыларды бекітетін темір ұсталар туралы мақаланы оқыдым. Мен солай жасап көрейін деп шештім. Бәрін үйірденім. Ойға алғаным жүзеге асты. Менің 1984 жылғы алғашқы жұмысым Мәскеу политехникалық мұражайында сақталған. Бірақ мен тек жылқылармен ғана шектеліп қойған жоқпын, әрі қарай басқа да мүсіндер жасай бастадым, – деді шебер.

Қазақ және орыс тілдерінде жылқы және адам шаштарында мақал-мәтелдер жазылған. Жануарлар, гүлдер, геометриялық



фигуралар күріш пен күнжіт дәндеріне, тіпті, көкнәр тұқымының кесіндісіне сурет салған. Жұмыс барысында микроскопты пайдаланып, бұйымдарын жүз есе үлкейтіп қарай алады. Бір туындыны жасау үшін бірнеше ай кетеді екен.

Шебердің бұйымдары әлемдік Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген. Ресей және қазақстандық мұражайларда, соның ішінде Астанадағы Тұңғыш Президент мұражайында және ресейлік «Поле чудес» деп аталатын әйгілі шоу-бағдарламасының мұрағатында сақталған.

• ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Қайғыны бөліссе, жеңілдейді

«Қызыл Жарты Ай» қоғамдық ұйымының Қарағанды филиалы DOSCAR Group компаниясымен бірлесіп, Костенко шахтасында қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қаржылай көмек көрсетті. Әр отбасыға миллион тенге табыстады.

Бұл ұйым тапқан кеншілердің отбасыларына көмектесуді жалғастыра бермек. Қазір қоғамдық ұйымның облыстық филиалы

Қазақстанның «Қызыл Жарты Айының» өкілі Әлішер Асылбеков кеншілердің отбасына көмектесуге қалай шешім қабылдағандарын және неліктен қаржылық көмекке тоқталғанын айтты.

– DOSCAR Group компаниясының қолдауымен әрбір отбасы миллион тенгеден алады. Қаражат олардың негізгі қажеттіліктерін жабуға жұмсалады. Қазақстанның «Қызыл Жарты Айы» аталған көмекті көрсету операторы. Гуманитарлық ұйым ретінде, біз отбасыларға барынша қолдау көрсетуге ұмтыламыз. Қазір көмек көрсетудің бірінші кезі. Нәтижесінде ақшалай көмек көрсетуді шештік? Себебі, қаржылық көмек адамдарға өздерінің тікелей қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Мәселен, біреуге дәрі-дәрмек алу керек, енді бір екіншісіне



балабақша үшін ақы төлеу қажет дегендей, – дейді Әлішер Асылбеков.

Қаза тапқан кеншілердің туыстары банк карталарын алады. Ал, қаржы осы картаға аударылады.

кеншілер отбасыларына тағы қандай көмек қажет екенін анықтауда. Сондай-ақ, «Қызыл Жарты Айы» ауруханада жатқан кеншілерге де көмек көрсетуді жоспарлап отыр.

– Апат ешқайсымызды бейжай

қалдырған жоқ. Біз гуманитарлық ұйым ретінде Костенко шахтасындағы жарылыс салдарынан қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына қолдан келген көмектің бәрін жасаймыз. «Қызыл Жарты Ай» атынан және өз атымынан қаза тапқандардың отбасыларына қайғырып көңіл айтып келеді. Сондай-ақ, ауруханадағы кеншілердің тезірек сауығып, отбасыларына оралуларын тілеймін. Көмек көрсетеміз деген бастамамызды қолдаған әрбір қазақстандыққа шын жүректен алғыс айтамын, – дейді Қазақстанның «Қызыл Жарты Айының» президенті Еркебек Арғымбаев.

Қазақстанның «Қызыл Жарты Айы» – Халықаралық «Қызыл Крест» және «Қызыл Жарты Ай» қозғалысының бөлігі болып табылатын республика аумағындағы ең ірі гуманитарлық ұйым. 86 жыл бойы Қазақстанның «Қызыл Жарты Айы» апаттар қаупін азайту, қоғамдық денсаулықты сақтау, халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде, босқындарды, мигранттар мен азаматтығы жоқ адамдарды қолдау, отбасылық байланыстарды қалпына келтіру және волонтерлік қызметті дамыту саласында ауқымды міндеттерді атқарып келеді.

Өз тілшімізден

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Ауыл дәмін ұсынған ана

Балқаш қаласының іргесінде (бұрынғы геологтар кентінде) атакәсіпті өркендетіп, төрт түліктен нәсіп тапқан, қымыз сапырып, май шайқап, құрт-ірімшік кентіріп, көпке үлгі болып жүрген «Өмірсерік» шаруа қожалығының басшысы Алмаш Қауымбекова тұрады.

бөліміне барып, құжаттарымызды тапсырып, жылқы шаруашылығымен айналысуға бел будым. Алдымен жерімді заңдас-тырдым. Мемлекеттік бағдарла-

нен кейін тіршілік қамына бірден кірісіп кеттік. Мал шаруашылығы қазақтың атакәсібі емес пе? Біз де сол кәсіптен нәсіп тапсақ деген ойға келдік. Бала күннен жүйрік мініп, ірі және ұсақ малдың сырына қанығып өскендіктен бұл кәсіп бізге қиын болған жоқ. Тек жылқы ғана емес, басқа да түліктерді өсіріп отырымыз. Балам Өмірсерік Әмірханұлы қолқанатым болып, қолдау көрсетуде. Екі адамды жұмыспен қамтып отырмын. Мұратхан Ермеков есімді жылқышымы және Айнаш Аманжолова деген сауыншымы бар. Әрқайсына 103 мың тенгеден жалақы төлеймін, – дейді Алмаш Қауымбекова.

Қазіргі таңда сол жылдардағы 9 бие өсіп, 20 бастан асса, 6 сиыры 14 басқа жетіпті. Ұсақ малдың саны да көбейген. Құрт, ірімшік, сары май базардағы бағадан 15 пайыз арзан. Алмаш апайдың үш баласы және тоғыз немересі бар. Бүгінде кенже ұлы Өмірсерік анасымен бірге шаруашылықтың тізгінін ұстап жүр. Өз еңбегімен отбасын асырап, оның үстіне басқаларға да қол ұшын беріп жүрген Алмаш Қауымбекқызының шаруашылығы көпке үлгі болатын-ақ дүние.

БАЛҚАШ

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шалғай ауылда ғана емес, қала іргесінде де мал бағып, төрт түлік өсіруге болатындығын көрсеткен шаруашылық иесін өңтімеге тарттық. Мемлекеттік бағдарламалардың көмегіне жүгініп, қаймақ-майды қала тұрғындарына жеткізіп беріп отырған Алмаш Қауымбекқызы кәсіпінді ашып, тұрмысыңды түзеу – істің көзін таба білер қарымды қабілет пен қажырлы қайратқа ғана байланысты екендігін айтады. Кәсіп иесінің айтуынша, ел ішінде қолынан келетін бір кәсіпті меңгеріп, тұрмысын түзеуге ұмтылушылар аз емес. Оларға мемлекет тарапынан да көп-көрім көмек көрсетілуде.

– Мен көп жылдар қалада тұрдым. Ақтоғайда жүргенде қолымызға мал ұстап, сиырымыздың



сүтін сауып ішіп отырдық. 2013 жылы Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы

ма арқылы 9 миллион тенгеге 15 жылқы сатып алдым. Балқаш қаласынан осы жерге көшіп келген-

Қанат Төлеуханұлы ЕРМАҒАНБЕТОВ

Қош бол, Ұстаз және Тәлімгер. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы 2023 жылғы 15 қарашада өмірінің 86 жасқа қараған шағында ұзақ мерзімді ауыр науқастан кейін, тамаша адам Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің еңбек сіңірген қызметкері, профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты Қанат Төлеуханұлы Ермағанбетов қайтыс болғанын қайғыра хабарлайды. Қанат Төлеуханұлы бірнеше жыл бойы өмірге деген таңғажайып күшталығы мен оптимизмін, болашаққа деген сенімін сақтай отырып, ұзақ науқаспен арпалыста болды.



Қанат Төлеуханұлының 1960 жылдан бастап өмір жолы бастапқыда Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институты болған Қарағанды университетімен байланысты болды.

Ол педагогикалық институттың физика кафедрасының оқытушысынан бастап 10 жылдан астам уақыт бойы меңгерушісі болған (1985-1997 жылдары) Қарағанды университетінің радиофизика және электроника кафедрасының профессорына дейін тәжірибелік жолдан өтті.

Ол әрдайым терең ғылыми эрудициямен, құмарлықпен, студенттермен жұмыс істеуге деген ұмтылыспен, коммуникативтілікпен, адамгершілікпен ерекшеленді. Ұзақ уақыт кафедра меңгерушісі бола отырып, ол студенттерге де, кафедра қызметкерлеріне де шын жүректен қарады, олардың кәсіби өсуіне қамқорлық жасады, табыстарға шын жүректен қуана отыра, олардың бастамаларын қолдады.

Қанат Төлеуханұлы – өз заманынан озық адам деп сеніммен айтуға болады. Мысалы, қазіргі уақытта танымал болған дуальды білім беру туралы К.Ермағанбетов 30 жылдан астам уақыт бұрын ойластырылған және ол бұл идеяны көптеген жолдармен жүзеге асыра білді.

Қанат Төлеуханұлы жас мамандарды тәрбиелеу бағытында көп және жемісті еңбек етіп, өзінің бай тәжірибесін, терең білімін жастарға жеткізуде болды. Ол физика және техникалық пәндер бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 20-дан астам оқулықтар мен оқу құралдарын, үш монография дайындады. Оның ғылыми және әдістемелік еңбектерінің тізімінде 130-дан астам атаулар бар. Өмірінің соңғы күндеріне дейін ол электроника бойынша орыс-қазақ-ағылшын түсіндірме сөздігін жасау бойынша жұмыс істеді және ол мезгілсіз қайтыс болардан бір күн бұрын бұл жұмысты аяқтады.

Көп жылғы жемісті педагогикалық және ғылыми жұмысы үшін К.Ермағанбетов бірнеше рет университет, аудан, облыс, облыстық білім департаменті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі басшылығының грамоталарымен марапатталды. Ол еңбек ардагері, университеттің еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2016 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері болды. 2021 жылдың желтоқсанында «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Қанат Төлеуханұлы әрқашан жоғары азаматтық белсенділігімен, тамаша ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленді. Ол әрдайым оқиғалардың ортасында болды, әрқашан ұжыммен бірге болды. Ол өмірге өте құштар еді, айналасындағы адамдарды, әріптестерін, шәкірттерін жақсы көрді, отбасына құрметпен қарады.

Қанат Төлеуханұлы туралы жарқын естелік, біздің өмірімізде болғаны үшін тағдырға алғыс, әріптестері мен шәкірттерінің жүректерінде орын алып, жадында мәңгілік есте қалады.

Қанат Төлеуханұлы Ермағанбетовтің отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің ұжымы
№614

«Bolashaq» академиясының ұжымы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты

Қанат Төлеуханұлы ЕРМАҒАНБЕТОВТІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

Марқұмның алды пейіш, арты кеніш болып, әруағы ұрпақтарың қолдап жатсын!

№613

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 1,56% участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412

№227

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росавт» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдетілген баға үшін
- жеңілдетілген баға үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕЗ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕЗ АРҒАН АҒАДА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



• ӨНЕР

Маэстро мерейі

Ән өнерінің Толағайына айналған Илия Жақанов Арқаға келді. Шалқыма концерт залында «Толағай» атты шығармашылық кешінде алып өнер иесінің әндері шарықтады. Көрерменнің ортасында отырып, көңілі қалықтады. Кешінің соңында сөз алып, «Арқа жұртын үнемі сағынып тұрамын», деді.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығы Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің «Сарыжайлаумен» сәтті түрлі келіп, композитордың «Толағаймен» түрлене кетті. Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты Арнайым Жүкенова жүрекке жеткізе шырқалды. Мәдениет саласының үздігі Ержан Базарбеков «Арқа аруы» әнін әулетті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыгелді Кемалов «Асыл жарды», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дауренбек Әрқенов «Менді қызды», әнші Ришат Шабденов «Ойыл толқынын», Дулат Аханов «Түнгі сыр» мен «Даниярдың әнін», Медет Осатаев «Балқантауды», Қазақстанның мәдениет қайраткері Меруеш Башай «Нені ойладың?», «Асылым» әндерін шебер жеткізді. «Жайлау көл кештерін» «Әуен» триосы сәтті орындады.

Ән кеші Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің орындауындағы «Еділ мен Жайық» әнімен қорытылды.

Арқа әншілері өнер көрсеткен сайын ән алыбы орынан тұрып, құрметін көрсетіп, ықыласын білдірді. Өнер бездалылығы осы болса керек-ті.

Есті әнге құлақ құрышың қандырған соң кеш иесі Илия Жақанов пен бір топ құрметті қонақтар сахнаға көтерілді.

— Ақындығы сазгерлікке астасқан, әуені әдебиетпен үндескен, зерделі зерттеушілігі қылқалам

шеберлігіне шендескен ағамыздың бойында небір талант тоғысып жатыр. Евгений Брусиловский ағамыз жайлы «Бұл жігіт – нағыз халық композиторы. Ол даланың музыка академиясын бітірген» деп айтқан екен. Ол кезде өнер иесі небары 20 жаста ғана екен. Міне, Құдай қуат беріп, тоқсанға қарай бет алдыңыз. Жүзге жетіңіз. Әніңіз асқақтай берсін, аға, — деп құттықтауын білдірген облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын ән академияның иығына оқалы шапан жауып, ат мінгізді.

Илия Жақановтың көп әні Жаңарқаға арналып жазылған. Осыны ескерген Жаңарқа елінен де бір топ азамат арнайы келіп, құрмет көрсетті. Аудан әкімінің орынбасары Әсет Аманжол да иығына шапан киізіп, елдің атынан ат атады. Көп жыл ұлағатты ұстаз болған Өзбек Бимендин де дәп осындай құрмет рәсімін жасады. Өзбек Исатайұлының «Аға, сіз аққуды айдын көлге қондырдыңыз, Балқантауды балқыттыңыз, Арқаны шалқыттыңыз, Теміртаудың шамшырағын жарқыраттыңыз, Еділ мен Жайық толқынын жағаға оқтырдыңыз, Әніңіз ел жүрегін баурады. «Толағай» атты әнінің жарыққа шығуына мен қуә едім», — деген ықылас сөзіне қошемет

соғылды.

— Арқаның елін сағынамын. Мәдениет басшылары «Қарағанды сізді сағынды, Аға. Келіп, кеш өткізеңіз» деген ұсынысты қабылдап, мезгілдің осы бір күзінде сәтті түсітті. Ұзын жолдың үстінде Алтын домбыра алып келе жатқан балаларды жолықтырып, батамызды сәтті түсітті. Өншейінде бір шаруаға кіріскен құрлы бөлініп бітетін жеңгелеріміздің де жүрісі ширап, кимылы жылдамдыққа кетеді. Соған қарап бала болсам да, Қарабайдың қоныр дауысы біздің Қаратереннің қозғалысы баяу жұртына генератор секілді әсер етеді. Өзгенің күш беретінін байқап қаламын.

Қарабай барша көрерменнің алдында бақырып-шақырып бірер жыл жүріп, сахнадан жылыстай жөнелетін бүгінгі кейбір әншілер секілді қара үзіп кеткен жоқ. Оның әсем дауысы, әсерлі сазы біздің ауылды талай жыл баурап тұрды. Қарабайдың қоныр үнімен ағаларымыз ер жетті. Әпкелеріміз бой жетті. Қоныр үніміз біз де сесейдік. Жасыратыны жоқ, кейде үйдегі үлкендердің «Әй, көксоққан, Қарабайды тыңдай бергенше, қораны тазаласаңшы», — дегені де естіп өстік. Қораны да тазалап, Қарабайды да тыңдап жүріп, мұрттымыз тебіндеген бозбалаға айналдық. Бозбалаға айналған соң, бойжеткеннің қорасына көз салдық. Сол кезде Қарабайдың әдемі әуені

• ҚОРАБАЙ ЕСЕНОВ – 75 ЖАСТА

Қоныр үн

Кездесем ұрлана қараймын,
Асаудай тулайды жас жүрек.
Мен сені жаным балаймын,
Сен үшін менде бар бір тілек...
«Жас қалам»

Алыста қалған сағым жылдарымыз көз алдымызға елестесе болды, құлағымызға Қарабайдың қоныр үні келеді. «Гитараның мұңды үні, Құрбы қыздың күлкісінің сыңғыры, Ештеңе әсер етпейді, Менен жырақ кет мейлі...», — деп біздің қатарласымыз, ақын Гүлбаһрам Жебесінова жырлағандай, оның әсері бөлек-ті. Теңіз жағасындағы ауылға тұтқасын кемпірауызбен бұрап, төбесінен тоқтап ұрып көретін томпақ телевизор әлі келе қоймаған кез. Сондықтан ертелі-кеш Қарабай ағам қазақ радиосынан бар дауысымен аңыратады да жатады. Қарабай «Жас қаламға» басқанда мұңгерген әжелеріміздің жанары жасаурайды. Қабағы қатты әжелеріміздің жүрегі жибиді. Екі-үш үйдің арасында тәпшікісін сүйретіп, бұраңдап билеп жүретін әпкелеріміздің жүзіне қан жүгірді. Өншейінде бір шаруаға кіріскен құрлы бөлініп бітетін жеңгелеріміздің де жүрісі ширап, кимылы жылдамдыққа кетеді. Соған қарап бала болсам да, Қарабайдың қоныр дауысы біздің Қаратереннің қозғалысы баяу жұртына генератор секілді әсер етеді. Өзгенің күш беретінін байқап қаламын.

Қарабай барша көрерменнің алдында бақырып-шақырып бірер жыл жүріп, сахнадан жылыстай жөнелетін бүгінгі кейбір әншілер секілді қара үзіп кеткен жоқ. Оның әсем дауысы, әсерлі сазы біздің ауылды талай жыл баурап тұрды. Қарабайдың қоныр үнімен ағаларымыз ер жетті. Әпкелеріміз бой жетті. Қоныр үніміз біз де сесейдік. Жасыратыны жоқ, кейде үйдегі үлкендердің «Әй, көксоққан, Қарабайды тыңдай бергенше, қораны тазаласаңшы», — дегені де естіп өстік. Қораны да тазалап, Қарабайды да тыңдап жүріп, мұрттымыз тебіндеген бозбалаға айналдық. Бозбалаға айналған соң, бойжеткеннің қорасына көз салдық. Сол кезде Қарабайдың әдемі әуені



бұрынғыдан да сазды, бұрынғыдан да сикырлы бола түсті.

Жыр алыбы Жамбыл көкем «Менің пірім – Сүйінбай» деп толғаса, сол тұстағы біздің піріміз де, іріміз де Қарабай еді. Жатып-ақ «Жас қаламды» жаттадық. Жаппай гитара үйірдік. Қарабайға еліктеп ән салдық. Бірақ жақсы әнші де, жөнді гитаршы да шықпады бізден. Гитаршы болғаннан гөрі гитаршы болған оңайлау секілді көрінді. Өйткені, бойымызда таланттан басқаның бәрі бар еді...

«Жас қаламның» сөзін Қарабай Есеновтің өзі жазды ма, әлде кейін айтылып жүргендей, Алтайдың арғы жағынан келген мөңгі бе, онда біздің шаруамыз шамалы-тын. «Дүние де өзі, мал да өзі...» деп Абай атам айтқандай, бағана басындағы радионың қара шанағынан саз саулатып тұратын Қарабайдан басқа ешкімді көзіміз көрмейтін еді. «Мәтін де өзі, мәң де өзі, Әуен де өзі, ән де өзі, Сәулет те өзі, сән де өзі...» еді менің Қарабай ағам... Оның қоныр дауысы алыс-жақында жүргеннің бәрін кешкі клубтың алдына жіпсіз байлайтын. Кеудесіне желік кірген қыз-жігіт Қарабайдың әуезді әуеніне ілесіп, «алаулап күн батса, қырды асып» кететін. «Айтатұғын аузынан сөзі қанып, Бозбала тұр өзі аңқау, өзі ғашық. Қақпа алдында қонаққа еті үйренген, Қара төбет қарайды көзің ашып» деп жырлаған Қадыр ақынның кейіпкері көрші үйдің ауласына өзін жетектеп әкелетін батылдықты Қарабайдың әнінен алар еді. Ұлылардың рухы кешіріні, біз «Майраның әні», «Әміренің әні» дегенді дәл өз заманымыздағы «Қарабайдың әні» дегендей, жүректен сезініп айта алмаған сияқтымыз.

Х-о-о-о-ош, сол Қарабайды өмірімізде көрмейміз. Көргіміз

келген адамның бірі сол еді, әріне. Кездесетінімізге шүбәмсіз болған жоқ. Несі бар, ертең мектеп бітіріп, алып ұшып Алматыға жетіп бармаймыз ба? Сонда ол Қарабайын Алатаудың етегінде гитарасын арқалап жүрмей ме? Біріншіден, Қарабайды күндіз-түні сахнадан шықпайтын, гитарасын жастанып, микрофонын қолтығына қысып ұйықтайтын кәсіби әнші деп ойлапшыз. Екіншіден, әнші атаулының бәрі Алматыда тұрады ғой деп қапысыз сеніпсіз. Жөк олай емес екен. Алатаудың етегінде алғашқы қыстайтын жылы «Ау, Қарабайлардың көрсетсеңдерші», — десек, Жезқазған жақтың жаны жайсаң жігіттері жымың-жымың етеді. Сөйтсек, Қарабай Есенов өнерге бір бүйірден қосылған, бірақ ешкімге ессесін жібермеген өзге саланың маманы екен. Ол тіпті ару Алматының да тұрғыны емес көрінеді. Оның үстіне Қарағанды өңіріндегі үйдің ауласына өзін жетектеп әкелетін батылдықты Қарабайдың әнінен алар еді. Ұлылардың рухы кешіріні, біз «Майраның әні», «Әміренің әні» дегенді дәл өз заманымыздағы «Қарабайдың әні» дегендей, жүректен сезініп айта алмаған сияқтымыз.

* * *

Бүгін қазақтың аса дарынды перзенті, дара дауысты теңдессіз әнші Қарабай Есенов 75 жасқа толды! Туған күніңіз құтты болсын, аға!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

• ПОЭЗИЯ

Қарағанды қарашығындағы қараша

Қарағандыда тағы да поэтикалық кеш өтті. Бұл кеш бұрынғыдан өзгереді. Несімен десейсіз, баяғы қалыпты бұзып, жаңаша серіліс сыйлағанымен. Өлең оқылағанымен қоса, ақындардың жартысы әуен шырқалды. Бір сағатқа жуық уақыт Қарағандыдағы әдеби ортаның қалыптасу кезеңін көрерменнің көз алдына әкелді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, «Қарашада өмір тұр...» атты әдеби-сазды кеш поэзия бекетінен шыққан полиздың Қарағандыға келіп тоқтауынан басталады. Осы бір мезетте С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының әртістері сахна алаңына шығып, кеш тәмамдалғанша театрланған қойылымды сәтті өрбітіп шығады. Айтпақшы, ақындардың да актерлік шеберліктеріне жұрт қайран қалысты.

Өртіс жігіттер әдеби қойылымды журналистиканың жам-позы Нұрмахан Оразбековтің Қа-

рағандыға келіп, Қарқаралыдан алапат ақын Серік Ақсұңқарұлы алдырғанынан бастайды. Сол сәтте көрерменнің арасынан Серік Ақсұңқарұлы мен Қойлыбай Асан сахнаға көтеріліп, өлеңдерін тебіреніп тұрып, оқиды. Содан соң Қара Дәулеттің «Қарағанды вальсі» әнін Медет Осатаев орындайды.

Сахнадағы әртістер әрмен қарай әдеби кешті былай өрбітеді. Ертеде «Қазақ әдебиеті» газетіне Серік Ақсұңқарұлы Алматыға абаданарын ертіп келгені жөнінде жазылғанын айтып, сол кездегі адуынды буынды ортаға алыдырады. Серік Сағынтай, Руслан Нұрбай, Қайрат Асқар жалындап



тұрып, жырларын оқиды. Алдыңғы буын ағаларын іздеп, Поэзия мейрамханасына бет алады.

Одан кейінгі буынның өлеңі де, өнері де көрерменнің ыстық ықыласына бөленеді. Ақындар Сұлтан Дәулетханұлы, Илия Мұқай, Жәлел Қуандықұлы, Эль-

мира Сайлауқызының сыршыл өлеңдеріне кезек беріледі. Сәттібай Жүнісовтің гитармен шырқаған, Еркәнат Кенесбекұлының домбырамен орындаған әні әсерлі шығады.

Ал, әнші Саян Бөдес ортаға суырылып шығып, ақындардың

құрметіне Ерлан Төлеутайдың «Сен және Мен» әнін әулетеді.

Бұдан кейінгі жас толқын да ортаға жарқырай шықты. Ерік Нариұлы өзінің өлеңінен соң, гитараны сүйемелдеуімен лирикалық ән шебер орындады. Өділет Шопеннің поэзиясына да ықылас ерекше болды. Салтанат Қайырбектің әсем әуеніне де еліттік.

Әдеби-сазды кештің қорытындысы ел жүрегін, тіпті, елжіретіп жібереді. Көрерменнің көз жана-рына жас үйіргеді. Шахтерлердің жер астындағы ерен еңбегін қойылым арқылы көрсете отырып, Салтанат Қайырбектің «Кеншінің шамы», Жанат Жаңқапұлының «Құрбандардың қаны» өлеңі күніне оқылады. Барлық ақын сахнаға шығып, бір-бір қып-қызыл гүл шоғын қойып, кеншілер рухына тағзым етеді. Көрермен тік тұрып, қошемет көрсетеді. Себебі, бұл кеш бұған әбден лайықты-ақ.

— «Қарашада өмір тұр...» атты дәстүрлі поэзия кешіміз осы

жылы мюзиклға айналып, бір сағат көрерменнің көңілін теңіздің толқынындай тербеді. Бұл өзі бір жағы Серік Ақсұңқарұлы бастаған Қарағанды әдеби ортасының ғұмырына бір сағаттық шолу десек те болады. Кеш соңында шахтерлерге арналған өлеңдер оқылып, көрерменнің көзіне жас үйірді. «Қарашада өмір тұр». Яғни, бұл жерде Қарағандының өмірі қамтылды. Қуанышы да, қайғысы да. Бір топ дүлдүл ақындардың бүлбүл әнші екеніне көз жетті. Режиссерлік жұмыста Сұлтан Серіктің шеберлігіне тәнтіміз. Шылбырымызды тартпай, шығармашылық еркіндік берген қала әкімдігіне ерекше алғыс айтамыз, — дейді, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, ақын Жанат Жаңқапұлы.

Ұтымды ұйымдастырушылардың қатарындағы белгілі продюсер Асхат Қажытайдың да қажырлы еңбегін атап өткеніміз жөн.

Түйіндей кетсек, Қарағанды қарашығындағы қараша осылай өтіп жатыр. Мұнда өлең де, өмір де бар...

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактордың м. а –
К.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшының м. а –
С.Б. ИЛИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-1370
Қарқаралы, Нұра, Оскар: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Жауапты хатшының м. а –
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмес
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 129 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Алулым СОВЕТ